



Педагог

№3(81)

(Арнайы сан)
(Спецвыпуск)

2024

Журнал екі айда бір рет шығады / Журнал выходит один раз в два месяца

Журнал 2011 жылдың қаңтар-ақпан айынан
бастап қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.
Журнал издается с января-февраля
2011 года на казахском и русском языках

Республикалық ғылыми-әдістемелік
педагогикалық журнал
Республиканский научно-методический
педагогический журнал

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

А. Туралбаева	
Ғылымның баспалдақтарында.....	3
Ұ. Қыяқбаева	
Новатор педагог, зиялы тұлға, тұғырлы ғалым.....	7
А. Усенова	
Тұлғаның әлеуметтік табыстылығы.....	8
М. Ушатов	
Ұстазбен жарқын жүздесу – сұхбат алып тілдесу.....	12
Д. Тектибаева	
О проблеме саморазвития в поликультурной среде в современных реалиях.....	17
Н. Әкімова	
О педагоге новой формации.....	18
А. Маршалхан	
М. Абсатқызы – көпмәдениетті құзыретті ғалым.....	20
С. Нишанбаева	
Отбасылық рухани-адамгершілік құндылықтарға теориялық талдау.....	23
А. Айтурова	
Жоғары оқу орындары студенттерінің оқырмандық мәдениетін дамыту.....	26
С. Сүлеймен	
Шәкірт жеңісі – ұстаз жемісі.....	30
З. Бакирова	
Ғылымға бағыттаушы тұлға.....	32
С. Жұмаділдә	
Бастауыш сынып оқушыларын заманауи гаджеттер арқылы жылдам оқуға үйрету.....	34
А. Қайратова	
«BOOK-CROSSING» арқылы бастауыш сынып оқушыларының отбасылық кітап оқу мәдениетін арттыру.....	39
«Білім туралы ғылым және оның негізгі теориялары» пәнін оқыту бойынша «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығының 1-курс, 2-топ студенттерінен кері байланыс.....	43
И. Тынышбек	
Мектепалды топ балаларының зерттеушілік іс-әрекеті арқылы танымдық дағдыларын дамытудың зерттелу жайы.....	45

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

ҚР Мәдениет және ақпарат
министрлігінде
15.02.2010 ж. Астана
қаласында тіркеліп, №10712-Ж
куәлігі берілді.

Басуға қол қойылды
22.05.2024 ж.
Офсеттік басылым.
Тапсырысы: 320.
Басылым индексі: 74312

Редакцияның мекен-жайы:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел.: 8 777 194 94 58,
8 777 303 37 67.
Эл.пошта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал <<RADO Print>>
баспаханасында басылды.
Алматы қ., Мыңбаев көш., 46,
кеңсе 411А

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат РАЙМҚҰЛОВА

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА: РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

Н. Омашев — ҚР Жоғары мектеп Ғылым Академиясының академигі, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор.

С. Аманжолов — педагогика ғылымдарының докторы, ҚР Білім беру ісінің үздігі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің педагогика факультетінің деканы.

Ә. Дүйсебек — Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ Білім Академиясының вице-президенті.

А. Миразова — Алматы қаласы, №159 мектеп-гимназиясының директоры, ҚР Білім беру ісінің үздігі, Қазақстанның Еңбек Ері.

Р. Кіршібаева — Алматы қаласы, №145 мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Журнал зарегистрирован в Министерстве культуры и информации РК в г. Астане. Выдано свидетельство №10712-Ж от 15.02.2010 г.

Подписано в печать 22.05.2024 г.
Печать офсетная.
Заказ 320.

Подписной индекс: 74312

Учредитель:

ТОО «Педагог LTD»

Адрес: 050036, г. Алматы,
Мкр. Мамыр-2, 13-7.

Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;
сот.т.: 8 777 1949458,
8 777 3033767

Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал напечатан в типографии
<<RADO Print>>

г. Алматы, ул. Мынбаева, 46, оф. 411А

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются. Перепечатка материалов, опубликованных в журнале допускаются только с согласия редакции.

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word бағдарламасына жазып жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Болмаса, факс, бағалы хат арқылы редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны и сохранены в программе Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц, шрифт Times New Roman. Сведения об авторе должны быть точными и полными. Фотографии высылайте отдельными файлами в формате JPEG, TIFF, не вставляя в текст статьи. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте на электронную почту (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.



Ғылымның баспалдақтарында

Ашық Уикипедияда «Ғылыми жетекші кім?» деген сұраққа: «*Ғылыми жетекші* — белгілі бір білім саласында жинақталған тәжірибені сізге түсіндіре алатын ғалым. Сонымен қатар, ол магистрантқа немесе докторантқа зерттеу тақырыбы бойынша диссертация жазуға бағыт-бағдар береді», — деп көрсетіледі.

Біздің ойымызша, ғылыми жетекшінің зерттеу ісінде бағыт-бағдар ғана беріп қоймай, ғылым жолында, тіпті өмірде де шексіз адамгершілік қасиеттерді дамытудың *бастамашысы*, барлық адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасайтын адамгершілік *мәдениеті жоғары* болуы хақ. Ендеше, бұл мақалада отандық ғылыми жетекшім, педагогика ғылымдарының докторы, профессор **Абсатова Марфуға Абсатқызының** жеке тұлғалық қасиеттері, кәсібилігі мен ғалымдығы, еңбектерінен қысқаша талдаулар беруді жөн санап отырмын.

Ең алдымен, ғылыми жетекшіммен танысқан уақытты еске алсақ, 1999-2013 жылдар аралығында мен бастауыш сынып мұғалімі ретінде «Дарын» қазақ ұлттық гимназиясында жұмыс атқардым. Ұжымда Марфуға Абсатқызы орыс тілінен сабақ берді. Ғалыммен 2003 жылы 1 қыркүйек күні таныстым. Таныстығымыз әріптестікпен қатар, әпкелі-сіңлілі деңгейде болды. Мінекей, біздің таныстығымызға 21 жылдан астам уақыт болыпты. Гимназияда жүргенде авторлық бірлестікте ғылыми мақалалар жазуға бағыт бере бастады. Ғылыммен айналысуға шақырды. Сонымен арада 8 жылдай уақыт өтті, 2011 жылы алғаш рет 6D010200 — Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша PhD докторантура ашылып, осы мамандықтағы алғашқы PhD докторанттар ретінде қабылдандық. Марфуға Абсатқызы ғылыми жетекшім болып та-

ғайындалды. Сол уақыттан бастап, ғылыми жетекшіміздің кәсіби қызметке деген ынта-сүйіспеншілігін, ісіне қарай деонтологиялық құзыреттілігін, қабілеттілігін, оның докторанттармен жұмыс жасау стилін, ғылыми кеңес беру моделінің шеңбері анағұрлым кең екендігін, әрбір докторант шәкірті мен магистрант шәкірттерінің ғылым жолында жеке басының ішкі компоненттерін дөп танитындығын байқадық.

Әрбір ғылыми жетекші шәкірт дайындап шығаруда докторанттың құндылық бағдарына, зерттеушілік құзыреттілігіне, докторантпен ортада орнайтын жұмыс стиліне, кәсіби қызметіне, мінез-құлқына, эмоционалды қабылдауына қарай түрлі әсерлерді бастан кешіреді және соған қарай мүмкіндіктер туындатады. Бүгінгі таңда Марфуға Абсатқызының ғылыми мектебінің аясы кеңейді. **50-ден астам білім магистрлерін және 6 PhD докторларды** дайындап шығарды. Осы жылдары профессор М.А. Абсатова өзінің жетекшілігі бойынша жоғарыда айтып өткеніміздей, бірнеше PhD докторларын дайындап шығарды. Олар: Туралбаева Алмаш — 6D010200, Тектибаева Диана — 6D010300, Усенова Аккенже — 6D010200, Ушатов Марат — 6D010300, Нишанбаева Сабира — 6D010300, Айтуарова Азиза — 6D010300), 53 педагогика ғылымдарының магистрлерін (7M0101, 7M0102, 7M0103) дайындады. 10-нан аса дипломдық жұмыс, жобаға жетекшілік етіп, қорғатқан, Республикалық студенттер мен магистранттардың ғылыми зерттеу конкурсының 1, 2, 3 дәрежелі 6 жүлдегерлерін дайындаған. Атап айтсақ:

1-орын: Абу Баян (5B010300, 2016 ж.), Диманбаева Дария (6B01101, 2020 ж.)

2-орын: Айтуған Акерке (5B010300, 2017 ж.), Нысанбай Айгерім Қабайқы-



зы (6М010300, 2019 ж.), Сүлеймен Самал (7М010300, 2020 ж.)

3-орын: Жанабатырова Мария (6М010300, 2016 ж.)

Ары қарай біз, М.А. Абсатованың базалық құндылықтарының бірі — еңбекқорлық құндылығы мен тәуекел ету сапасын негізге алайық. Соңғы он жылдықта толағай табыстарға жетіп келген, білім беру ісінің барлық сатыларына, яғни мектеп, колледж, университетте (бакалавриат, магистратура, докторантура) өзінің ғылыми еңбектерін, ізденіс жұмыстарын жүргізген ғалымдардың бірі. Сондықтан біз журнал оқырмандарына М. Абсатованың еңбектерін келесідей талдап ұсынып отырмыз.

Ғалым іргелі еңбектерінде бастауыш оқытудағы интеграциялық білім, болашақ педагогтердегі көпмәдениеттілік, білім мен ғылымның әдіснамалық зерттеулері, болашақ маманның лидерлік қабілеті, білім берудегі инновациялық әрекеттер, құзыреттілік амал: ұғымдар, жүзеге асыруды жобалау, болашақ педагогтердің акмеологиялық әлеуеті бойынша зерттеулерді жарыққа шығарып, өз тәжірибесінде қолданысқа енгізгені белгілі. Ең алдымен ҚР БҒМ іргелі жобаларының әзірлеушісі әрі зерттеушісі ретінде «Теория и методология этнопедагогике народа Казахстана как основа укрепления межнационального согласия и стабильности в современных социокультурных условиях» (2009-2011); «Теоретико-методологические основы профессионального развития научно-педагогических кадров на этапе послевузовского образования» (2012-2014); «Виртуальная форсайт-лаборатория внедрения олимпийского образования в систему работы общеобразовательной школы» (2022-2024); «Подготовка квалифицированных кадров для сферы образования через модель академического превосходства по типу Honors College» (2023-2025) атты жобаларды жүзеге асырушы болып саналады. Университеттік деңгейде де бірнеше жобаларға жетекшілік жасап, жоба құра-

мына докторанттарды, магистранттарды баули білді. Атап айтсақ, Абай атындағы ҚазҰПУ ректор гранты аясында қолданбалы жобаның әзірлеушісі «Формирование инновационного содержания послевузовского образования на основе разработки учебных пособий нового поколения» (2010); Абай атындағы ҚазҰПУ ректор гранты аясында қолданбалы жобаның жетекшісі «Көпұлтты мемлекет жағдайында Қазақстан жастарын ұлттық идея негізінде тәрбиелеудің педагогикалық шарттары» (2010); Абай атындағы ҚазҰПУ ректор гранты аясында қолданбалы жобаның жетекшісі «Теоретико-методические основы развития лидерских качеств у обучающихся» (2013) атты университет ректорының гранттарын жүзеге асырды.

Ары қарай еңбектері бойынша кейбір кітаптарын талдап өтейік. 2022 жылы **«Болашақ педагогтардың инновациялық іс-әрекетін дамыту негіздері»** атты оқу-әдістемелік құралында болашақ педагогтардың инновациялық іс-әрекетін дамытудың теориялық және әдістемелік негіздері қарастырылады. Білім берудегі инновация, инновациялық іс-әрекеттің мәні, функциялары, мазмұны, болашақ педагогтардың инновациялық іс-әрекетін дамытудың компоненттері мен көрсеткіштері, болашақ педагогтардың инновациялық іс-әрекетін дамытудың кешенді бағдарламасы әзірленіп берілген. Оқу-әдістемелік құрал мектеп мұғалімдеріне, педагог-психологтерге, жас зерттеушілерге және аталмыш мәселеге қызығушылық танытқан ізденушілерге арналған.

Келесі бір қажетті, педагог қауымына пайдасы жоғары 2020 жылғы жарық көрген еңбектерінің бірі — **«Білім берудегі инновациялар. Инновации в образовании. Innovations in education»** (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде).

«Білім берудегі инновациялар» оқу-әдістемелік құралында инновациялық үрдістер мәселесі қарастырылады. Аталмыш еңбекте білім берудегі инновациялар білім



берудің басым бағыты ретінде анықталып, білім берудің құндылықтары, нәтижесі мен мақсаттары, білім беруді инновациялық дамытудың заңдылықтары мен принциптері, педагог-новатор тұлғасының құрылымы, педагогикалық-инновациялық іс-әрекеттің құрылымы және жүзеге асыру жолдары көрсетіледі. Автор инновация, инновациялық технологиялар және олардың түрлеріне қомақты талдауларға мән берген. М.А. Абсатованың бұл еңбегінің бір артықшылығы — үш тілде жазылғандығында.

«Студенттердің лидерлік қабілеттерін дамытудың ғылыми-педагогикалық негіздері» еңбегінде студенттердің лидерлік қабілеттерін дамытудың теориялық және әдістемелік астарлары қарастырылады. Авторлар педагогикалық-психологиялық әдебиеттерді талдау негізінде «Қабілет», «Лидерлік қабілет» ұғымдарының сипаттамасын, топтағы лидерлердің атқаратын қызметтері мен стильдерін анықтап, «Лидерлік» арнайы курсының бағдарламасы мен мазмұнын ұсынады. Лидердің бойында болу керек қабілеттерге тоқталған. Студенттерден қалай лидер жасау керектігін, әдістерін көрсеткен. Сонымен қатар, студенттердің лидерлік қабілеттерін дамытуға арналған диагностикалық материалдар мен әдістемесі көрсетілген.

«Болашақ педагогтардың акмеологиялық әлеуеті: дамытудың теориясы мен тәжірибесі» атты монографиясын айтып өтетін болсақ, монографияда болашақ педагогтардың акмеологиялық

әлеуеті және оны дамытудың теориясы мен әдістемесі қарастырылған. Авторлар акмеология, акмеологиялық әлеует дегеніміз не деген сұраққа барынша кеңінен түсінік береді.

«Педагогикалық зерттеу жұмыстарының ғылыми аппаратын құрастырудың үлгілері» атты еңбегінде педагогикалық зерттеу жұмыстарының ғылыми аппаратын құрастырудың үлгілері мен жолдары қарастырылады.

Жалпы зерттеу түрлеріне сонын ішінде педагогикалық зерттеуге анықтама берілген. Педагогикалық зерттеу жұмыстарының түрлеріне ашық тоқталған. Бұл еңбек, әсіресе, докторанттар мен магистранттар үшін тиімді құрал болап табылады. Ғылыми аппаратқа тоқталып, ғылыми аппарат құрастырудың үлгісі жасалған. Мұнда кез келген ғылыми ізденушілер өзіне қажетті мағлұматтарды алады.



Коканд мемлекеттік педагогикалық институты. Шақырылған дәріс беруші (Өзбекстан, Қоканд қаласы)





Шыршық мемлекеттік педагогикалық университеті, Шақырылған дәрісберуші
(Өзбекстан, Шыршық қаласы)

М.А. Абсатқызының бүгінге дейінгі жарық көрген еңбектері, жазған оқу құралдары мен монографиялары болашақ үшін өзі тиімділігін танытып келеді. Автордың еңбектерін мұғалімдер, студенттер, магистранттар, ізденуші жас ғалымдар қолдана алады.

Кешегі өмірден озған ғалым, п.ғ.д., профессор Аида Аршабекқызы Бейсенбаева: «Марфуға Абсатова – менің докторантым. Ол өзі – ерекше шәкірттерімнің бірі. Марфуға Абсатова – мобильді маман, мобильді ғалым» деп айтқан естеліктері есімізде. Расында, М. Абсатқызы ғылыми қоғамның қағидаларын ұстанады және тәуекелден қорықпайды, дер кезінде үдеріске еніп, оны мобильді түрде ұйымдастырушы әрі жүзеге асырушы.

Байқап қарасақ, барлық шәкірттеріне құндылық қатынасы жоғары, яғни әрқай-

сысымызға *диалектикалық ойлаудан бастап, ғылымды шын ынта-ықыласпен ізденуге, әлеуметтік жауапкершілікті болуға, ғылыми деректерді бұрмаламауға, логикалық сауатты пайымдаулар жасауға, өз тұжырымын білуіне, жалпы алғанда зерттеу базасын табуға және оны терең түсінуге* тәрбиеледі. Мұнда көрсетілген әрекет ету тіркестері барлығы да ғалым болам деген адамның ұстанатын ғылыми қағидалары. Ендеше, осы айтылғандар педагогика ғылымдарының докторы, профессор Абсатова Марфуға Абсатқызының құнды тұлға екендігінің дәлелдемелері.

А.Т. ТУРАЛБАЕВА,
PhD, Абай атындағы ҚазҰПУ
Бастауыш білім беру кафедрасының
қауымдастырылған профессор м.а.
Алматы қаласы.



Новатор педагог, зиялы тұлға, тұғырлы ғалым

«Ұстаз... жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін, жатында жақсы сақтайтын, ешнәрсені ұмытпайтын алғыр да, аңғарымпаз ақыл иесі, мейлінше шешен, өнер — білімге құштар, аса қанағатшыл, жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ, жұрттың бәріне жақсылық пен ізгілік көрсетіп «қорқыныш пен жасқану» дегенді білмейтін батыл, ержүрек жан», - деп ғұлама, ойшыл әл-Фараби бабамыз айтқан екен. Шығыс данасының осы бір сөзін жадына сақтаған әрбір адам ұстаздық мамандықтың ауыр жүгін сезінері сөзсіз.

Иә, шындығында адам баласы туа салып, бірден сана сезімі қалыптасқан, білімді де білікті тұлғаға айналмайды. Оның кемелденген тұлға болуына ең алдымен өмірге әкелген ата-анасы, оқыған мектебі, өскен ортасы зор ықпалын тигізеді. Ең бастысы, оның шыққан тегі мен Алла тағала берген жаратылысындағы қабілеті игі ықпалын тигізеді.

Заңғар жазушы Ә. Кекілбаевтың: «Уақыттың жалғыз өлшемі бар ол — адам ғұмыры. Адам ғұмырының жалғыз өлшемі бар, ол — арттағы халықтың қамы үшін бітіретін іс», - деген сөзін еске алсақ, осындай үлкен іс атқарар бір сала — білім беру ұйымдары және оның ұстаздары. Өмірдегі көп мамандықтардың ішінде жан-жақты білімділікті, икемділікті, шеберлікті, ерекше шәкіртжандылықты, мейірімділікті қажет ететін мамандық та — ұстаздық мамандық. Олай дейтінім, мұғалім еңбегі біріншіден, адамзат қоғамы тарихында жинақталған ғылым негіздерінен білім беруге тиіс болса, екіншіден, үнемі шәкірттерімен қарым-қатынаста болып, білсем, үйренсем деген бала арманы мен оның сырлы тағдырына басшылық етуді мойнына алған маман.

Тыныс-тіршілігімізде жанымызда жүр-

ген адамның парасат биігін аңғара да, бағалай да бермейміз. Белгілі бір адам туралы ой толғап, еңбегі мен өмір жолын сараптай бастасақ, оның тегіне, өскен, қалыптасқан ортасына көз жібере отырып, ғалымның адами болмысын тани бастайтынымыз ақиқат.

Әріптесім Абсатова Марфуға Абсатқызының мерейлі мерей жасында ізгі ниетпен лебіз білдіруді, әріптес ретінде парызым деп есептеймін.

Марфуға Абсатқызымен етене араласып, тығыз қарым-қатынаста болмасам да, қазіргі таңда бір университетте қызмет атқарудамыз. Марфуға Абсатқызы Педагогика және психология факультеті деканының ғылыми істер жөніндегі орынбасары болып қызмет атқарғанда, оның бойынан ізденімпаздығын, жаңашылдыққа деген ынтызарлығын байқайтынмын.

Шынында да, ұстаз тұлғасын тану — қиын да күрделі әрекет. Қиын болу себебі — тәлімі тереңде. Күрделі дейтініміз — өнегесі өміршең, болмысы баянды. Ғылым мен білімге шын ғалым ғана жауапкершілік пен үлкен парасат тұрғысынан қарайды. Марфуға Абсатқызы қашан да басқа ғалымдардың соқпақ-сұрлеуіне түспей, өзіндік, педагогикалық тұрғыдан жол табуға құштарлығы мен оның әрбір жасаған жаңашыл бағыттағы педагогикалық жұмыстарын шығармашылықпен жүргізетінінің куәсі болатынынмын.

Жоғары оқу орындарында жұмыс істейтін ғалымдардың қайсысы болсын өздерінің теориялық зерттеулерін болашақ мамандар даярлау талабына сәйкестендіруді мақсат ететіні белгілі. Марфуға Абсатқызы да білім беру жүйесіндегі инновациялық жаңашылдықты ізденудегі, оқыту мен тәрбиенің түрлі әдіс-тәсілдерін, жаңа мазмұнын әзірлеуде, қолданылып отырған инновациялық педагогикалық жүйені таратуда, жоғары оқу орындарында басқарудың жаңа технологияларын меңгерудегі



іс-әрекеті оның ғылымға деген көзқарасының ашықтығын байқатады.

Әрбір адамның өзінің өмір жолы, тыныс-тіршілігінде атқарған еңбек, көрген бейнет, татқан зейнет, алған асу, жеткен биіктері мен жетістіктері әрқилы. Оны сырт көз өздерінің деңгейінде бағалап жатады. Сондағы жалпының іздейтіні біреу: ол — кісілік келбет, азаматтық тұлға. Оған — дәл осындай адами асқақ қасиетке, қанша ғұмыр кешкенімен, жеткен де бар, жетпеген де бар. Ал, Марфуға Абсатқызы өзінің қажырлы еңбегі мен құдай берген қабілет-қарымының арқасында небір қиындықтардан өтіп, биік белестерді бағындыра білген, білікті ұстаз, педагогика ғылымының саласында жарқын қолтаңбасы бар ғалым.

Марфуға Абсатқызы — жаналыққа жаны құмар, тәжірибелі ұстаз, еңбекқор ғалым. Оның жаңа ғылыми парадигмаларға негізделген, мазмұнды, ғылыми ізденіспен, инновациялық тұрғыда жазылған ғылыми еңбектерінің нәтижесі, оқу-тәрбие үдерісіндегі тынымсыз еңбегінің жемісі.

Заңғар қаламгеріміз Мұхтар Әуезов: «Ұстаздық — ұлы нәрсе» деген сөзі қай уақытта да ұстаз қызметіне берілген әділ де үздік баға болып қала бермек.

Педагогика ғылымына өзінің өрелі ойымен, ғылыми, педагогикалық, әдістемелік еңбектерімен, ұстаздық, ғалымдық тәжірибесімен, кімге де болса өнеге боларлық тағылымды тағдыр өмірімен де Марфуға Абсатқызы қоғамның нақ ортасынан өзінің заңды тұлғалық орны қалыптасқан аяулы ұстаз.

Құрметті Марфуға Абсатқызы мерейлі мерей жасыңызбен шын жүректен құттықтай отырып, Сізге зор денсаулық, шығармашылық табыс, отбасыңызға амандық тілеймін!

Ұлбосын Қозыбаевна ҚЫЯҚБАЕВА,
Абай атындағы ҚазҰПУ Педагогика және
психология факультеті
Мектепке дейінгі білім беру және
әлеуметтік педагогика кафедрасының
меңгерушісі, п.ғ.к., профессор.
Алматы қаласы.

Тұлғаның әлеуметтік табыстылығы

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Абсатова Марфуға Абсатықызы 2013-2016 жылдары маған ғылыми жетекші ретінде тағайындалып, үш жыл бойы өзінің барлық жақсы жақтарын көрсете білді. М. Абсатқызынан үйренер тұстарымыз өте көп. Ғылыми жетекші ретінде тек ғылыми-зерттеу жұмысына кеңес берумен тоқталмай, адами тұрғыдағы ұстанымдарымыз бойынша жүруді үйретті. «Болашақта күнде қастарыңда жүрмеймін. Сендер жассыңдар, әлі алда талай жолдар

кездеседі. Білім беру саласы бойынша тіпті басқарушы-менеджер болып қызмет жасаған жағдайда да өз адамгершіліктеріңді жоғалтпаңдар» деп үнемі ақыл-айтып тәрбиеледі. Мен өзім, 2016 жылы «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту» атты диссертациялық зерттеу жұмысымды сәтті қорғап шықтым. Бүгінгі таңда М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетіндегі Жалпы педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі қызме-



тіндемін. Менеджерлікте жүргенде үнемі М. Абсатқызының бізді қалыптастырудағы айтқан кеңестерін естен шығармауға тырысамын. Біздің ғылыми жетекшімен миссиямыз бір, яғни болашақ педагог кадрларды кәсіби дайындау.

Болашақ педагогтерді даярлап шығаруда олардың әлеуметтік табыстылығын дамытудың маңызы зор. Бүгінгі постиндустриялық дәуірде болашақ мамандардың қоғамның әлеуметтік орнығуында жаһандық ресурстар мен технологиялар түрлерінің негізгі тасымалдаушысы, әлеуметтік өзгерістер субъектісі ретіндегі рөлі өсуде. Сондай-ақ қазіргі кезеңдегі білім беру – қарқындап дамытын экономиканың бір сегменті.

Осы тұрғыдан алғанда, мемлекеттің әлеуметтік-мәдени өмірінің түбегейлі өзгерістері жағдайында қоғамның әлеуметтік-экономикалық табыстылығын анықтайтын білім беру жүйесін дамыту деңгейі ерекше басымдыққа ие болса, ал ЮНЕС-

КО-ның конференциясында білім беру – тұлғаның әлеуметтік жетілуі мен жеке дара өсуіне жеткізетін қабілеттері және мінез-құлқын өздігінен жетілдіру үрдісі, оның нәтижесі деп түсіндіріледі.

Сондықтан отандық білім беруді жаңғырту бағыты «қазіргі заманғы білімнің табыстылығы» ұғымының мазмұнына негізделеді. Ол негізгі өлшемдері өзгермелі өмір жағдайында өзіндік стратегиясын жасай алатын, дені сау, қоғам игілігіне өнімді еңбек етуге және табысты әлеуметтенуге қабілетті, шығармашылық белсенділікке дайын, бәсекеге қабілетті маман-азамат тұлғасын қалыптастыру болып табылады.

Тұлғалық табыстылық жетістіктің жоғары мотивациясын бейнелейді, нәтижесінде студенттің тұлғалық және әлеуметтік қасиеттері қалыптасады, іс-әрекет тұлғалық қанағаттануға алып келеді.

Табыстылық феномені – барлық құбылыстар секілді адамзат қоғамында пайда болған, оның даму кезеңдерінде ғалым-



№ 119 мектептегі ұйымдастырылған шеберлік сынып



дарды толғандырған маңызды мәселенің бірі. Тарихқа көз жіберсек, табыстылық және әлеуметтік табыстылық туралы идеялар сонау ежелгі грек философы Аристотель еңбектерінен бастау алып, одан кейінгі орта ғасыр ойшылдары Әл-Фараби және т.б. ғұламалардың еңбектерінде жалғасын тапқанын көреміз.

Г.В. Турецкая іс-әрекет табыстылығының өлшемі ретінде іскерлік белсенділіктің болуы немесе болмауын және табыстылықты тұлғаға тән сипаттардың ерекше бағыттылығы ретінде: жетістікке жету; құндылыққа, коммуникативті дағдыларға; когнитивті қабілеттерге; эмоцияны бақылау біліктілігіне оның мотивациясы тұрғысынан қарастырады.

Тұлғадағы табыстылық — бұл индивидтің өз тарапынан қол жеткізу нәтижесін мойындауы, өзінің өмірлік стратегиясын сырттан бағалауға қатыссыз жүзеге асыру үрдісінің табыстылығы туралы түсінігі.

Тұлғаның әлеуметтік табыстылығының мәні тұлғаның әлеуметтік топта немесе қауымдастықта өзін-өзі танытуына мүмкіндік беретін қабылдауды саналы түсінуі немесе жете ұғынбауымен анықталады. Топтың таңдауы кездейсоқтық емес. Ол тұлғалық және топтық құндылықтардың ұқсастығы және табысқа жетудің тәсілдері туралы түсініктермен жүзеге асырылады.

Сонымен бірге табыстылыққа субъектінің эмоциялық күйін, оның әсерленуін (қуану, т.б.), жеке-дара құндылықтар жүйесін, шығармашылық белсенділігін жатқыза отырып, «табыстылық — тұлғаның типологиялық ерекшеліктерімен, өзін-өзі ұйымдастыруымен, ресурстық мүмкіндіктерімен, оларды жете ұғынуға және өзін-өзі танытуға ұмтылуымен қамтамасыз етілетін интегративті сипаттамасы» деп тұжырымдайды.

Тұлғаның өмірдегі анағұрлым күрделі мәселелерді шешуге даярлығы әлеуметтік табыстылық үшін қажетті өзіңе деген се-

німділіктен байқалады. Адам маңызды бір салада көбірек жетістікке жеткен сайын, өз күшіне көбірек сенімді бола береді, өзін сыйлай түседі. Табысты тұлға алдына келешекке жетелейтін мақсаттар қояды, оларға дер кезінде, көп күш жұмсамай-ақ, өмірімен және жағдайлармен үйлесімде білгірлікпен жете біледі.

Сондықтан ол болашақ маман ретінде студенттің өз әрекетін және оның нәтижелерін, қабілеттілігін, мінез-құлық мотивтерін, идеяларын, сезімдерін, жалпы өзін-өзі бағалауы мен өмірдегі өз орнын түсінуін анықтайды.

Ғалымдар «әлеуметтік табыстылық» ұғымы «оқу бағдарламасындағы мақсаттар мен әлеуметтік мақсат іс-әрекетінің нәтижелерінің сәйкес келу өлшемі» ретінде анықталады. Онда «егер оқушы оқытудың барлық компоненттерін, атап айтқанда, білім, білік, дағдыны қанағаттанарлық деңгейде меңгерсе ғана оқытудың табыстылығы қанағаттанарлық түрде бағаланады» - деп атап көрсетілген.

Тұлғалық табыстылық белгілеріне: сана-сезім, «Мен» тұжырымдамасы; әрекеттену және әлеуметтік мүмкіндіктер деңгейі; эмоциялық тұрақтылық, белсенділік; өзін-өзі жетілдіру жатқызылса, ал кәсіби табыстылық белгілеріне кәсіби-педагогикалық қабілеттілік, кәсіби-педагогикалық құзыреттілік, шеберлік, профессионализм, кәсіпқойлық; мұғалім мен оқушының өзара әрекеттестігінің жағымды нәтижесі, шығармашылық әрекетте өзін-өзі таныту, кәсіби жұмылдырушылық, мұғалімнің педагогикалық міндеттерді табысты шешуі арқылы оқушыны ұжымда өзін-өзі танытуына әсер етуді жинақтайды.

Заманауи қоғамға әлеуметтік есейген, шығармашылық жағынан белсенді, бойында жоғары гуманитарлық мәдениеті бар, қоғамның тіршілік әрекетінің барлық өрістерінде әлеуметтік маңызды табыстарға және өзін-өзі дұрыс көрсетуге бағдар-



ланған, қоршаған ортаға бейімделіп қана қоймай, оны шығармашылықпен түрлендіре алатын жастар қажет.

Біздің ойымызша, бүгінгі таңда өсіп келе жатқан ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудің қалыптасқан жүйесінде әлеуметтік табыстылық, өмірге бейімделу, жеке тұлғалық және кәсіби өзін-өзі анықтау қабілеті үшін қолайлы жағдай жеткіліксіз.

Осыған орай заманауи білім беру мекемелерінің алдында тұрған басты міндет — білім алушылардың әлеуметтік табыстылығын қамтамасыз етіп, сол үшін қолайлы әрі толыққанды жағдай жасау.

Қазақстан Республикасындағы жоғары білім жүйесін модернизациялау қоғамның шығармашылық еңбекке қабілетті, кәсіби өзін-өзі дамытатын, білім беру технологияларын меңгеру және ендіруде мобильді, білімді, еркін және сыни тұрғыдан ойлайтын, психологиялық-педагогикалық және әдістемелік білім жүйесін меңгерген, балалардың типологиялық топтарымен жұмыс істей алатын, іздену-зерттеу жұмыстарына дайын, білім беру үрдісі мен өзінің кәсіби-тұлғалық қалыптасуын жобалауға қабілетті, еуропалық деңгейдегі құзыретті педагогқа сұранысына бағдарланған. Мемлекеттің жоғары білім саласындағы стратегиялық мақсаты экономиканың инновациялық дамуына сәйкес келетін, қоғам мен тұлғаның қазіргі заманғы талаптарына сай қол жетімді сапалы жоғары білім беру болып табылады. Осы мақсаттан төмендегі міндеттер туындайды: негізгі білім берудің инновациялық сипатын қамтамасыз ету; білім беру институтын әлеуметтік даму құралы ретінде модернизациялау; заманауи үздіксіз білім беру жүйесін қалыптастыру және жетілдіру; білім беру сапасын бағалау механизмін қалыптастыру, халықаралық салыстырмалық зерттеулерге қатысу.

Осы орайда ғылыми әдебиеттерге жүргізілген талдау зерттелініп отырған мәсе-

ленің көпжақтылығын, алыс және жақын шетелдік, отандық педагог, психолог, әлеуметтану, философ ғалымдардың табыстылық мәселелерін әр түрлі аспектіде бірнеше бағыттарда қарастырылғанын көрсетеді:

- табыстылық тұлғаның мотивация деңгейіне, іс-әрекет мақсатының сипатына және жұмыс істеу ниетіне байланысты бейімділігі, табысқа жету факторлары, табысты іс-әрекетке қызығушылығы;

- адам іс-әрекетінің табыстылық факторы, өзін-өзі бағалауы, ұмтылу деңгейі;

- табыстылық адамның табысқа жетудің нәтижесінде немесе үміттенуінде пайдаланылатын күйі, іс-әрекеттің объективті нәтижесіне қатынасы;

- тұлғалық өсудің, сәйкестіктің дамуы, өмірдің сыртқы өзгермелі жағдайларына бейімділік, тұлғаның іс-әрекет стилін, тұтас алғанда, өмірінің жеке стратегиясын қалыптастыру;

- оқушылардың оқу әрекетіндегі табыстылық, табыстың баланың мектептегі дамуына әсері, оқу әрекеті табыстылығының шарты ретінде тірек білімдерін қалыптастыру.

Қорыта келгенде, табыстылық мәселесі үш тұрғыдан: индивидтің өзіндік әрекеті мен күші нәтижесінің көрсеткіші ретінде; тұлғаның әлеуметтік байланыстар мен қатынастардағы өзіндік орнының көрсеткіші ретінде; болашақ маманның әлеуметтік іс-әрекеті контекстінде кәсіби табыстылығы ретінде зерттелінген. Бұл әлеуметтік табыстылықты болашақ мамандардың кәсіби қалыптасуының маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастыру қажет деп тұжырымдауымызға мүмкіндік береді.

Ақкенже Мұқанқызы УСЕНОВА,

М. Әуезов атындағы Оңтүстік

Қазақстан университеті

Жалпы педагогика және психология

кафедрасының меңгерушісі.

Түркістан облысы.



Ұстазбен жарқын жүздесу — сұхбат алып тілдесу

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Абсатова Марфуға Абсатқызынан 50 жылдық мерейтойы қарсаңында, шәкірті ретінде жеке сұхбат алуды жөн санап отырмыз. Ғалыммен сұхбаттасу барысында педагогика саласында жүрген үлкенді-кішілі аудитория М.А. Абсатованы жақынырақ тани түсері анық. Нақтырақ айтсақ, бұл сұхбатта профессор М.А. Абсатованың бүгінгі таңдағы іргелі зерттеулерімен бірге өмірі мен ғылыми қызметтері, ғалымның туып-өскен мекені, отбасы, тәлім-тәрбие және білім алған ошағы, ұстаздық еткен кәсіби қызметіндегі жылдары мен ғылым жолындағы портретін таныстыруда әлеуметтік маңызы зор.

Марат Абдіқаламұлы:

- Марфуға Абсатқызы, өзіңізді 50 деген мерейлі жасыңызбен құттықтай отырып, педагогика саласындағы үлкенді-кішілі аудиторияңыздың сұранысымен сізден сұхбат алудың жөні келіп тұр. Сізді жақынырақ тани түсуде туып-өскен жеріңіз, білім алған мектебіңіз және тәлім-тәрбие алып шыққан ұяңыз жайлы білгіміз келеді. Осы жайлы айтып өтсеңіз?

Профессор Марфуға Абсатқызы:

- Мен Қызылорда облысы, Арал ауданы сол кездегі атауы Аралтүз қазіргі атауы Жақсықылыш кентінде үлкен отбасында дүниеге келдім. Әкем Абсат анашым Тыныштық жеті баланы өмірге әкеліп, барлық өмірін сол балаларды рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде тәрбиелеп, білімге құштарлықтарын оятып, белсенді әрі өзіндік орны бар тұлға ретінде қалыптастыруға атсалысқан.

Менің отбасымда екі ағам және төрт апам бар, мен отбасымның кенжесі болып өстім. Ағаларым мен апаларым өз саласының кәсіпқой мамандары. Ағам Оңталап — инженер, Сердалы ағам Аралтүз мекмесінде ауылда маман, апаларым Ляззат, Фарида мектепте мұғалім, Жанат апам дәрігер, Замзагул медицина саласының ма-

маны және жеке кәсіпкер. Кенже болған соң маған барлық мүмкіндіктер қолжетімді болды деп айта алам, яғни мүмкіндіктер деп өзімнің тандауым әрдайым басым, сөз еркіндігі, саналы іс-әрекет еркіндігі деп айтуға болады.

Жалпы ата-анамның сол кезде біздің ауылда ашылған бастауыштың орыс сыныптарына мені бергені бүгінгі жетістіктерімнің алғышарты болды деп айта аламын. Бастауышты орыс сыныпта оқып, одан орыс тілді сыныптар мұғалім жетіспеген соң ауылда жабылып, Арал қаласына орыс мектебіне біраз жылдар қатынап оқыдық. Бірақ мектепті ауылда бітірдім, №19 орта мектептің түлегімін. Мектеп бітірген соң, орыс тілді еркін меңгерген мен әрі бастауышта алғашқы ұстазым Мағрипа Аралбайқызына еліктеп, мұғалім болам деп шешіп, Қызылорда қаласындағы Қорқыт ата мемлекеттік университетіне Филология мамандығына оқуға түстім. Университетті Үздік дипломмен бітіріп, сол университетте оқытушы болып жұмысқа орналастым.

Жалпы балалық шағым өте қызықты өтті, ол кезде Ресей балалар журналдары «Мурзилка» және т.б. газеттерді оқып, сол журнал редакциясына хат жазып, сурет салу, шығарма жазу сайыстарына қаты-



сып, сонымен қатар сол журнал арқылы жақын болып кеткен орыс қыздар достарым көп болды, олармен үнемі хат жазып, жазғы демалыста көрісіп, жақсы уақыт өткізетін едік.

Ата-анам біздің бойымызға қарапайым, бірақ құнды қасиет қабілеттерді сіңіре білді, өтірік айтпау, шыншыл болу, жақсылық жасау, көмекке қол ұшын беру, ардың тазалығы, сананың ашықтығы, мінекей осыларды өздері де күнделікті өмірде ұстанып, біз үлгі ретінде көріп өстік әрі өзіміз де соған талпындық. Тәрбие отбасында қаланады, ол ақиқат және менің көзім соған жетті, себебі қазіргі таңда біз сол бойымызға сіңірген құндылықтармен өсіп, өніп келеміз.

Марат Абдіқаламұлы:

- Мен, сіздің шәкіртіңіз ретінде педагогика саласына осыншалықты бар ынтаңызды салғаныңыз бен аталмыш салаға шын сүйіспеншілікпен қарауыңызға тәнтімін. Алайда, осы педагогика саласына қалай келдіңіз? Ұстаздық жолды таңдаудағы мақсатыңыз қандай?

Профессор Марфуға Абсатқызы:

- Жаңа сөзімнің басында айтып кеттім, ұстаз болуға мен бастауыш сынып мұғаліміне еліктеу арқылы келдім. Менің алғашқы ұстазым — Мағрипа Аралбайқызы өте білімді, нағыз зиялы қауым өкілі, әрдайым жылы жүзбен бізді қарсы алатын, жүрегі жұмсақ, сабақты өткізуде шығармашыл болды.

Университетті бітірерде біз дипломдық жұмыс тақырыбын таңдадық, сол кезде бізге педагогикамен байланыстырып пәнаралық байланыс негізінде жұмыс тақырыбын таңдауға мүмкіндік берілді. Дипломдық жұмысты сәтті қорғағаннан кейін мен Педагогика кафедрасына жұмысқа орналастым, сол кезде бізге керемет мүмкіндік берілді, сол кездегі ректор жас мамандарды ғылыми тағылымдамаға Алматы қаласына өзің таңдаған ЖОО жолдама

арқылы жіберді. Біз Алматы қаласына бір жылда 15-17 жас оқытушы келдік. Біреулеріміз аспирантураға түстік, кейбірі тағылымдама өтті. Тағылымдаманы мен осы Абай атындағы университетінің Педагогика кафедрасында өттім, оны аяқтап аспирантураға түстім.

Мені сол кездегі университетті енді бітірген маманға ең қызығы ғылым болды. Мен дипломдық жұмысты үлкен ізденіспен жазғаным есімде, содан зерттеушілік әрекет, жаңаны ашуға қызығушылық, кітапханада материал іздеу маған қатты ұнайтын. Алматыда осы ғылым жолында маған шабыт беріп, ізденісімді аша түскен менің ғылыми жетекшім — педагогика ғылымдарының докторы, профессор Бейсенбаева Аида Аршабекқызы болды. Аида Аршабекқызы өте мейірімді, адамгершілігі мол, кең жүректі, білімді, аса үлкен мәдениетті жан еді. Кандидаттық және докторлық диссертацияма жетекші, ғылымның ақиқатына жетуге күш берген Кемеңгер тұлға, кәсіпқой маман Аида Аршабекқызы болды.

Мен Алматы қаласында №147 мектепте де орыс тілі пәнінің мұғалімі болып жұмыс жасадым, сол кезде пәндік олимпиадаға балаларды дайындап, олар жүлделі орындар алған.

Марат Абдіқаламұлы:

- «Ғылым — әрекет» демекші, Марфуға Абсатқызы, өзіңіздің ғылым жолына түсіп, оқушыларға, мұғалімдерге және студенттерге арналған бірнеше ғылыми еңбектерді жарыққа шығарғаныңызды білеміз. Соның ішінде мектеп педагогтеріне арналған ғылыми туындыларыңыздан айтсаңыз?

Профессор Марфуға Абсатқызы:

- Менің болашақ педагогтерді дамытуға арналған ғылыми еңбектерім баршылық, алайда педагогикалық университет мектеппен тығыз байланыста болмаса оның педагогикалық кадрды даярлаудың нәтижесі де өз деңгейінде болмайды. Сол се-



бепті мектеп мұғалімдеріне де арналған еңбектері бар, олар: монография «Интегративный подход в обучении: теория и практика его реализации», «Интеграция идеясының педагогикалық ғылымда қалыптасуы мен дамуы», «Бастауыш сынып оқушыларының экологиялық мәдениетін қалыптастыру», оқу-әдістемелік құралдар: «Интеграция негізінде оқытуды ұйымдастыру (орта және жоғары мектеп тәжірибесінде)», «Құзыреттілік амал: ұғымдар, жүзеге асыруды жобалау», «Әлеуметтік педагогика: мәселелер, ғылыми мектептер, педагогикалық тәжірибе», «Білім берудегі инновациялар. Инновации в образовании. Innovations in education» (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде) және жақында шыққан әдістемелік құрал «Мектепте инновациялық оқытуды ендіру тәжірибесі».

Соңғы айналысып, зерттеп жүрген мәселем, оқытудағы инновациялық әдістер, білім беруді цифрландыру және осыларға арналған орыс тілінде «Инновационные методы обучения», «Педагогтың іс-әрекетіндегі цифрлық ресурстар» атты қазақ тілінде оқу құралдары жақын арада баспадан шығуға жоспарлануда. Тағы да бөліскім келген ақпарат, жақын арада Мәскеу мемлекеттік университетінің баспасынан «Подготовка кадров в сфере образования по программе Honors College: теория и практика» атты монографиямыз бұйырса жарыққа шығады.

Марат Абдіқаламұлы:

- Марфуға Абсатқызы, бүгінде Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің Бас Ғалым хатшы қызметін атқарып келесіз. Оған дейін де бірнеше лауазымды қызметтерде болып, университеттің



Гази университетіндегі тағлымдама. Анкара қаласы, Түркия

дамуына атсалысып келе жатқан бірегей мамансыз. Бұл сұрақты мен арнайы қойып отырмын, себебі сіз көпмәдениетті тұлғаны қалыптастыру мәселесін зерттедіңіз. «Мен – мономәдениет», «Мен – интермәдениет» және «Мен – полимәдениет» түсініктерін ғылымға алғаш алып келген қазақстандық зерттеушінің бірісіз. Бүгінгі таңда педагогика бойынша университеттің шетелдік жоғары оқу орындарымен тәжірибе алмасуында үлесіңіз бар ма?

Профессор Марфуға Абсатқызы:

- Әрине, қазіргі таңда мен көптеген шетелдік ЖОО, ғылыми орталықтарымен тығыз ынтымақтастықтамын, соның ішінде Германия, Чехия, Литва, Ресей, Америка Құрама Штаттары, Польша, Белорусия, Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан бар.

Мәселен, әлемдік рейтингте QS – 47 орындағы М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде Педагогикалық білім беру факультетінде ғылыми тағлымдамадан өттім және осы наурыз айында шеберлік сынып өткіздім, АҚШ-тың City College of New York (CCNY), George Washington University, Institute of International Education халықаралық білім беру орталығымен іс-сапар барысында тәжірибе алмастық, Түркияның Стамбул университеті, Гази университетінде әрі тағлымдама, конференцияда баяндама жасап, әрі қонақ дәріс бердім, Мингячевир мемлекеттік университетінде баяндама жасадым (Азербайджан), М. Танка атындағы Белорус мемлекеттік педагогикалық университетінде Шақырушы дәрісберуші ретінде дәріс оқыдым



және конференцияда баяндама жасадым, Италияның Турин қаласында Европалық білім беру қорының DARYA жобасы аясында семинарға қатыстым, Өзбекстанның бірнеше ЖОО: Коканд мемлекеттік педагогикалық институты, Шыршық мемлекеттік педагогикалық университеті «Шақырылған дәрісберуші» ретінде дәрістер оқып, конференцияда баяндама жасадым және Мәскеу мемлекеттік психологиялық-педагогикалық университетінде бірнеше жыл қатарынан конференцияда баяндама жасадым, Польшаның Қолданбалы ғылымдар Академиясында екінші жыл қатарынан конференцияда баяндама жасадым, Шадринск мемлекеттік педагогикалық университеті, А.И. Герцен атындағы Ресей мемлекеттік педагогикалық университетімен де жақсы қарым-қатынастамын.

Марат Абдіқаламұлы:

- Сіздің ғылыми мектебіңіздің өрісі кең екені белгілі. Бүгінге дейін 6 PhD доктор дайындап шығарсаңыз, 50-ден аса педагогика ғылымдарының магистрлерін кәсіби даярлағаныңызды білеміз. Осы шәкірттеріңіз бүгінде ел ішінде қызмет етуде. Шәкірттеріңіз жайлы айтып өтсеңіз?

Профессор Марфуға Абсатқызы:

- Мен 6 PhD философия докторының диссертациялық жұмысына жетекші болдым және қазіргі таңда 2-курста оқитын докторантым бар.

Әрбір докторант шәкіртімнің орны бөлек, мінезі ерекше, өзіндік «Мен»-і қалыптасқан тұлғалар. Менің ғылыми мектебімнің іргетасын қалаған PhD докторлар Туралбаева Алмаш – 6D010200, Тектибаева Диана – 6D010300, Усенова Аккенже – 6D010200, Ушатов Марат – 6D010300, Нишанбаева Сабира – 6D010300, Айтуарова Азиза – 6D010300.

Осы айтылған PhD докторант шәкіртімімнің мінезі, болмысы өздерінің зерттеу жұмыстарының моделіне сәйкес келеді деп айтар едім. Мысалға, Туралбаева Алмаш бастауыштың маманы болған соң оның мәселесі мектеп пен отбасының жағымды ынтымақтастығын орнату болды, әрі өзінің мінезі де ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында бірлескен әрекетті, командалық жұмысты шапшаң әрі жоғары деңгейде жүзеге асырады, Алмаштың жүрегі кең, ұстамы берік тұлға, кәсіби маман.

Тектібаева Диана шет тілінің маманы болған соң, тақырыбы да көпмәдениеттілік болды, соған сәйкес кез келген ортада ашық, коммуникацияға еркін түседі, рухани бай, жүрегі жұмсақ, өте білікті, бәсекеге қабілетті маман.

Үсенова Аккенже магистрант шәкіртім және докторантурада да шәкіртім болды. Оның зерттеу жұмысы әлеуметтік табыстылыққа байланысты болды, қазіргі таңда өзі де табысты тұлғаның бірі, кафедра меңгерушісі, өте білімді, ізденімпаз, мәдениетті, ішкі әлемі таза жан.

Сен туралы айтсам Марат, сен лидер болып қалыптасқан тұлғасың, соған сәйкес тақырыбың да лидерлікті дамыту болды, рухани-адамгершілік құндылықтарың жоғары деңгейде дамыған, нағыз зиялы қауым өкілі, өз елінің патриоты, кез келген сәтте қасыңнан табылатын жанашыр, жүрегі ақ, пейілің таза жансың.

Нишанбаева Сабираның тақырыбы отбасы адамгершілік құндылықтар, өзіне ұнаған және мінезіне сәйкес таңдаған мәселе, себебі шын мәнінде адамгершілігі мол, отбасына жақын, ниеті таза, қолындағы соңғысын ойланбастан мұқтаж жанға бере салатын шынайы үлкен әріпті адам.

Айтуарова Азиза – ерекше дара тұлға, мені жетекші ретінде әдейілеп іздеп, тауып алып, тек осы кісімен жұмыс жасаймын деп өзінің тік мінезді әрі батылдығымен ерекшеленеді. Жүрегі кең, біреуге болсын деп тұратын адам, өмірдің қиыншылығын көп көрген соң әбден пісіп жетілген, жүрегі таза, адал тұлға.

Бакирова Закира менің докторант-шәкіртімнің мінезі, болмысы өздерінің зерттеу жұмыстарының моделіне сәйкес келеді деп айтар едім. Мысалға, Туралбаева Алмаш бастауыштың маманы болған соң оның мәселесі мектеп пен отбасының жағымды ынтымақтастығын орнату болды, әрі өзінің мінезі де ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында бірлескен әрекетті, командалық жұмысты шапшаң әрі жоғары деңгейде жүзеге асырады, Алмаштың жүрегі кең, ұстамы берік тұлға, кәсіби маман.

Бакирова Закира менің докторант-шәкіртімнің мінезі, болмысы өздерінің зерттеу жұмыстарының моделіне сәйкес келеді деп айтар едім. Мысалға, Туралбаева Алмаш бастауыштың маманы болған соң оның мәселесі мектеп пен отбасының жағымды ынтымақтастығын орнату болды, әрі өзінің мінезі де ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында бірлескен әрекетті, командалық жұмысты шапшаң әрі жоғары деңгейде жүзеге асырады, Алмаштың жүрегі кең, ұстамы берік тұлға, кәсіби маман.



тым, ол да тәжірибесі мол педагог, көреген, шынайы қарым-қатынасты іздейтін, рухы биік тұлға, білімді, ізденімпаз, қолы ашық, жүрегі жұмсақ адам.

Сүлеймен Самал есімді магистрантым бар, қазірге таңда біздің университетте жұмыс жасайды, тік мінезді, батыл, кәсіпқой маман, ізденімпаз әрі кез келген сұрақта шешімін тауып бере алады.

Жалпы менің ойымша, шәкірттерімнің мінезі өзіме ұқсаған шығар, сол себепті біз тез тіл табысып, қойған мақсатымызға жете білдік.

Марат Абдіқаламұлы:

- Байқап отырсақ, отбасы тақырыбында бірнеше доктор дайындап шығарыпсыз. Ендеше, өзіңіздің отбасыңыз өмірлік серігіңіз, балаларыңыз туралы әңгіме өрбітесіз бе? Балаларыңыз сіздің жолыңызды жалғастырып, мұғалімдікті таңдады ма?

Профессор Марфуға Абсатқызы:

- Жолдасымның есімі — Арнұр, бірақ мен өз ортамызда «Ареке» деп айтқанды ұнатамын. Менің ғалым болып қалыптасуыма, әрине, ең алдымен Алланың қалауы болса, сонымен қатар ата-анамның ықпалы, берген тәрбиесі, білімі, сосын жолдасымның қолдауы шексіз деп айта аламын. Кандидаттық диссертация қорғаған кезде біз жас отбасымыз, әрі екінші ұлыма аяғым ауыр, сол кезде Арекенің көмегі, менің еңбегімді, ізденісімді қолдауы — ол бөлек керемет әлем. Шын мәнінде, «бірге қорғадық» десем болады. Себебі қорғау күні жақын, мен аяқ асты ауруханаға түсіп қалдым, содан авторефератты мен түзеймін, Арекен Аида Аршабековнаға көрсетеді, одан Диссертациялық кеңеске апарып өткізеді, енді өте үлкен қолдау болды. Жолдасымның мінезі бар, бірақ оның бәрін ысырып қойып, маған көмектескеніне мен қатты ризамын. Өзі кең адам, қолындағысын ойланбай мұқтаж жанға бере салатын әдеті бар, қолы ашық, мейірімді тұлға.

Ата-енеме де алғысым шексіз, үнемі мені қолдап, қорғап, мені еркелетіп, барлық жағдайымызды жасап отыр. Қайынағам мен қайынінім де білімді, жүректері кең адамдар. Жалпы, біздің үлкен атамыз кезінде бастауыш мектеп салып ауылда қиын кезең заманда білімге құштар жан болған екен.

Бірге үш ұл тәрбиелеп отырмыз: Нұрдаулет, Нұрсәт, Нұрасыл. Тұңғышымыз Нұрдаулет Назарбаев университетінде білім алған, қазір шетелдік жоғары оқу орнына түсуге дайындық үстінде, ол сәулетші мамандығын тандап отыр, екінші ұлымыз — Нұрсәт Чехия мемлекетіндегі Czech University of Life Sciences Prague-да IT мамандығының 2-курс студенті, кенжеміз Нұрасыл бастауыш мектепті бітіруге жақын. Балаларым мұғалім мамандығына қызығушылық танытпады, оған себеп — бүгінгі заманның талабы болар, екі үлкен ұлдарымыз IT саласын жетік меңгерген.

Марат Абдіқаламұлы:

- Марфуға Абсатқызы, сұхбатыңыз үшін шынайы алғысымызды білдіреміз. 50 жас мерейтойыңыз құтты болсын! Педагогика саласында еліміздің өскелең буынына арналған еңбектеріңіз көбейе берсін. Еліміздің жоғары білім берудегі болашақ мамандарды кәсіби даярлау және жоғарыдан кейінгі білім беру ісінде Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға амандық тілей отырып, өзіңізден тағы да мықты стратегиялық ойлар, кәсіби тұжырымдамалар және іргелі ізденістегі еңбектер күтеміз! Білім және ғылым жолында үлкен табыстарға жетіңіз!

Профессор Марфуға Абсатқызы:

- Рахмет, Марат Абдіқаламұлы! Сондай-ақ осы сұхбатты ұйымдастыруға мүмкіндік беріп отырған «Педагог» республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журналының редакциясына алғыс айтамын!

Марат Абдіқаламұлы
УШАТОВ



О проблеме саморазвития в поликультурной среде в современных реалиях

Моя учеба в докторантуре началась с поступления в КазНПУ им. Абая в 2012 году. В тот год мне представилась возможность стать докторанткой д.п.н., проф. Абсатовой М.А., сфера научных интересов которой была связана с проблематикой поликультурного образования.

Будучи докторанткой Абсатовой М.А. мною была рассмотрена и всесторонне исследована одна из наиболее значимых проблем современности — саморазвитие студентов в условиях поликультурной среды. Данная проблема не теряет актуальности и по сей день, являясь краеугольным камнем в современном динамично развивающемся мире, основными трендами которого являются — всеобщая интеграция, урбанизация, космополитизм, и как следствие безусловная необходимость эффективного взаимодействия в международной и межкультурной среде.

Истоки научного понимания феномена саморазвития человека во все времена являлись одними из центральных проблем исследований. Подобное положение является закономерным, поскольку всегда были, и будут оставаться актуальными вопросы формирования личности, способной к постоянному совершенствованию в любых жизненных, экономических, социальных, политических и иных обстоятельствах. И в данном случае ценность и актуальность вопроса развития, привития и эволюции у человечества способности к саморазвитию в любом государстве является неоспоримыми. Данные научные поиски касаются еще одной немаловажной грани развития личности, вернее, его саморазвития, преломляющейся в аспектах и факторах культурного мировоззрения и поликультурности общества. Первостепенным является вопрос привития молодому поколению граждан способности к постоянству в деле активного развития и саморазвития, формирования у них понимания и ответственного отношения к выбору своих приоритетов, от которых в общей сложности зависят судьбы

социума в целом, государств, и в совокупности своей всего общемирового сознания. История человечества соткана из множества попыток достижения идеала человеческого развития, однако каждая из подобных попыток сталкивалась с реальностью сосуществования одних государств с другими, и от вопроса эффективного решения проблем, возникавших при данных контактах, зависела жизнеспособность и эффективность государств. На сегодняшний день, в связи с развитием высокотехнологичных производств и средств связи, с появлением искусственного интеллекта, виртуальной и дополненной реальности, границы государств и миров стираются, и уже сегодня мы являемся свидетелями необходимости все большего объединения и слияния обществ. В подобных условиях способность личности к саморазвитию в условиях поликультурной среды, его умения правильно оценить и сделать выбор, правильно отнестись к тому или иному событию или явлению становятся одними из самых главных его жизненных задач.

Современная педагогическая наука и практика решают проблемы реформы и обновления содержания, методов и форм учебно-воспитательной деятельности, реализации инновационных педагогических технологий, способствующих успешному саморазвитию обучающихся, которые в пост-пандемийный период приобрели особую ценность и еще большее значение. Необходимо отметить интеграционные процессы глобализации, которые с появлением международных организаций образования нового типа ставят всю систему в условия, когда необходим учет реалий поликультурной и полиязычной подготовки специалистов в рамках концепции устойчивого развития.

Крупнейшие международные корпорации, такие как «Meta», «Alphabet», «Microsoft» и др., уже сегодня создают симуляторы виртуальной реальности, где каждый человек может иметь собственного аватара (виртуальную личность),



и общаться с людьми со всех уголков мира, иными словами, становиться участником поликультурного виртуального общения, и в данном контексте проблема саморазвития в условиях поликультурной среды становится актуальной с новым смыслом. Можно с уверенностью сказать, что в будущем мы станем свидетелями появления полностью виртуальных университетов внутри подобных симуляторов, в которых студенты из разных стран смогут учиться, находясь одновременно в любой точке мира в формате 24/7/365.

Таким образом, хочется подвести итог и подчеркнуть, что выполненная исследовательская работа под научным руководством д.п.н. проф. Абсатовой М.А., успешно защищенная в 2017 году, стала значимой для педагогической науки и внесла определенный ценный вклад в развитие отечественной науки.

Д.Д. ТЕКТИБАЕВА,
PhD, КазНУ им. аль-Фараби
г. Алматы.

О педагоге новой формации

Каждый педагог знает, что учитель — не профессия, а призвание. И каждый согласен с тем, что нет призвания благородней и возвышенней, чем наше!

И конечно же напрашивается вопрос: «Кто такой современный учитель, педагог нового формата?»

Думаю, что педагог новой формации, должен обладать комплексом качеств, которые обеспечивают успешную передачу знаний и развитие. Он должен быть профессионалом, умеющим сделать материал доступным и интересным для учащихся. И главное, учитель должен быть творческой личностью, которая постоянно самосовершенствуется и занимается профессиональным ростом. Все эти качества я в одном миге увидела от мастера своего дела, от профессионала в своем научном направлении...

Ее навыки объяснения, ее подходы к заданиям, способы найти решения на трудные вопросы, все общие понятия касательно науки, на все вопросы она ответила. Это она открыла во мне мир к Науке! Она является вдохновителем во мне! И я могу сказать с гордостью, что это Марфуга Абсатовна!

В современной школе, где созданы условия для самостоятельного обучения и высокой активности, педагог нового уровня должен уметь вдохновлять и мотивировать на самообразование и исследовательскую деятельность. Он должен уметь создавать интересную и стимулирующую учебную среду, где каждый ребенок может проявить свои способности и таланты.

*Чтобы быть хорошим преподавателем,
нужно любить то, что преподаешь,
и любить тех, кому преподаешь.*
Василий Ключевский

Проведя беседу с моим наставником, так я называю ее, обучаясь и допуская элементарные ошибки, появляются новые идеи. Элементарная беседа между мной и этим восхитительным человеком, у меня уже идеи, которых не успеваю записывать в своих блокнотах.

Однако главное качество, которым должен обладать педагог нового формата, это любовь к детям. Учитель должен верить в каждого из своих учеников, находить их лучшие стороны и их интересы. Он не только тренер, но и друг, который поддерживает, воодушевляет и помогает проявлять сопротивление и разочарование.

Она является для меня в первую очередь подобной моей второй мамой, во — вторых моим наставником, в- третьих моим другом, которая для меня дороже золота этого мира! Она проявляет такую безмерную любовь, которую невозможно описать словами. Она верит в меня, что у меня все получится, это вера сталкивает меня не отставать от других, идти вперед и не смотреть назад, а только вперед. Это вера для меня является огромной силой, которая все время тянет вперед!

Как говорит великий Сенека «Уча других, мы учимся сами». То есть обучая и воспитывая наше будущее поколение, я учусь сама, я по-



стигаю новые вершины педагогики, так как нельзя в меняющемся мире, в мире высоких технологий останавливаться на том, чему научили тебя в педагогическом колледже или университете.

Она обучается сама каждый миг, не теряя ни минуты и обучает через свои знания других своих студентов. У нее, наверное, очень много студентов, и я являюсь одним из них. Обучая своих учеников, стараюсь применять ее тактику преподавания, ее методы обучения, чтобы получить желаемый результат.

Очень много изменений в области образования происходит не только в мире, но и в нашей стране. Следовательно, меняются не только программы, учебники, методы и формы работы, но и наши дети.

Марфуга Абсатовна, делает учебный процесс более интересным и продуктивным.

Во-первых, это индивидуальный подход к каждому студенту. Она знает, что каждый студент уникален, и его потребности и способности могут различаться. Стремится к индивидуализации образовательного процесса, а также придерживается дифференцированного подхода к обучению.

Во-вторых, использует технологии. Интегрирует современные технологии в учебный процесс, такие как интерактивные доски, планшеты, приложения для обучения и онлайн-ресурсы. Это позволит сделать занятия более интересными и эффективными.

Конечно же, не обойтись без хорошей атмосферы взаимопонимания: настраивает на дружелюбную и поддерживающую погоду в аудиториях. Старается понять каждого студента. Позитивное отношение педагога может стать стимулом для обучения.

Всегда стимулирует активное участие на уроках, использует методы, которые позволяют объединяться творческим подходом к решению задач, а также разрешать вопросы, требующие анализа и критического мышления. Внедряет игровые элементы в учебный процесс. Это могут быть игры для изучения новых материалов, организации образовательного конкурса или рейтинговой системы, стимулирующей активность и достижения.

Постоянно, помимо академических знаний, уделяет внимание развитию коммуникативных навыков. Организует обсуждение, групповые проекты и ролевые игры, чтобы ученики могли

выразить мысли, слушать соседа по парте и работать в команде.

Мы впервые познакомились с ней 2022 году весной. Когда собирались проводить в нашей школе гимназии №22 впервые Международную научно-практическую конференцию ученых и учителей на тему «Инновации в образовании: опыт, проблемы и перспективы». Тогда она пришла в нашу школу как научный консультант, как научный руководитель и наставник она дала нам ценные советы, которых я применяю каждый раз. С тех времен мы в хороших отношениях. В тот момент она дала мне понять, что если у человека есть желание, то человек сможет достичь всего желаемого, лишь бы быть мечте и поставленной цели! С тех пор она является для меня человеком восхищения! И еще, она всегда советует молодым педагогам, да и не только, постоянное развитие. Саморазвитие является важным компонентом профессионального роста педагога. Стремится постоянно совершенствовать свои методы преподавания, изучает новые подходы и технологии, а также обмениваться опытом с коллегами.

И конечно же не обойтись без поддержки студентов и окружающих. Всегда старается поддерживать связь с нами. Часто общается с нами, делимся с трудностями и привлекает всех к образовательному процессу, организывает дни «открытых дверей», проводить внеклассные мероприятия с участием с нами и с коллегами и так далее.

Я считаю, главный аспект в обучении, это рефлексия. Она это делает каждый раз по окончании беседы или урока. Всегда к концу урока или к концу рабочего дня анализирует свою работу. Оценивает, что удалось, а что можно улучшить. Проводит исключительную связь со студентами и запрашивает их мнения о методах обучения.

Желаю вам сделать вашу деятельность Марфуга Абсатовна более успешной и приносящей свои плоды, в нашей не легкой, но в тоже время интересной работе! Желаю вашей семье благополучия, здоровье детям и живите счастливой жизнью! Вы будете всегда моим вдохновителем! Помните про это, люблю вас и мои глубокие уважения!

Нұрсұлу Нұржанқызы ӘКІМОВА,
учитель математики КГУ ОШ №157
Наурызбайского района
г. Алматы.



М. Абсатқызы — көпмәдениетті құзыретті ғалым

Бұл мақалада профессор М.А. Абсатованың ғылыми зерттеулерін талдаумен байланыстыра отырып, ғалымның біз сияқты шәкірттеріне деген ашық көзқарасын, риясыз көңілін, ғылымға жетектеу қасиеттерін баяндағымыз келіп отыр. Елімізде тұңғыш рет көпмәдениеттілік құзыреттілік бойынша зерттеу жүргізген ғалым.

Қазақстанда әлі күнге дейін «көпмәдениеттілік» деген кең категориялық түсінікті көп тілде сөйлей алу деп қарастырады және қоғамдағы көпшілік қауым солай қабылдайды. Бұл ретте, менің М. Абсатқызының магистрант шәкірті болуыма зерттеу жұмысының да тікелей қатысы бар. Көпмәдениетті құзыретті тұлға адаммен қатынас орнатудағы мәдениеттің шыңын бағындырған адам деп санаймыз. Ендеше, білім алу жолындағы кейбір естеліктерге тоқталуды жөн деп ойлаймыз.

Осыдан отыз жыл артта диаспора білім бағдарламасы бойынша Моңғолия мемлекетінен Алматыға білім алуға келдік. Ата-анамыз, жақындарымыз алыста болғандықтан қазақстандық кез келген адамнан жылулық күтеріміз анық. Студенттік жылдарда ұстаздарымыз білім беріп қана қоймай, адами тұрғыдан орасан зор көмектерін бергенін айтуға міндеттіміз. Мен, Абай атындағы ҚазҰПУ-нің 2005 жылғы түлегімін. Студент кезімізде профессор Р.М. Қоянбаев (факультет деканы), Қ.И. Адамбеков (кафедра меңгерушісі), А.Е. Жұмабаева (деканның оқу-ісі жөніндегі орынбасары), Ш.Ж. Колумбаева, Ұ.Қ. Қыяқбаева секілді ұстаздарымыздың білім беру мектебінде тәрбиелендік, жоғары білім алдық. Осындай жоғарғы мектептен білім алып шыққан біздер мамандық бойынша елімізге қызмет етуге аттандық. Арада он шақты жыл өткен соң, біраз педагогикалық тәжірибе жинап, әрі кәсіби шыңдалып, 2014 жылы Абай атындағы ҚазҰПУ-ға магистратураға түстім. Сол жылдардан бастап, профессор Марфуға Абсатқызымен білім және ғы-

лымдағы сыйластығымыздың есігі айқара ашылды деуге болады.

М. Абсатқызының магистрлік диссертацияға бағыт беру барысында көпмәдениетті болып қалыптасуға еңбек етті, олай дейтініміз, ұлттық мәдениетпен қатар, әлемдік мәдениетке баулуы, қабілетімізді арттыруы, ғылымға оң көзқарасымызды туындатуы үлкен еңбек екені белгілі. Мысалы, В.М. Макаева өзінің тұжырымдарының бірінде: «...көпмәдениеттілік білім беру» ұғымы жас ұрпақты этникалық, ұлттық және әлемдік мәдениетке баулу, осы негізде планеталық сананы дамыту, көп ұлтты ортада өмір сүруге дайындығы мен қабілетін қалыптастыру, - деп айтады.

М. Абсатованың көзқарасынша, бір адамды универсал жағдайдағы мәдениетте тәрбиелеуге сүйене отырып, ол мәдениетті бейімделу ретінде емес, білім беру процесіне қатысушылардың барлығының өнімі ретінде түсіндірді. Көпмәдениеттілік тұлғаны тәрбиелеуде оның тәжірибесін қолдануда ең өзекті деп санаймыз. Мұның бәрі ұлттық білім беру мәселелерін, жеке адамның жеке басын оның үйлесімді жан-жақты даму идеясымен тығыз зерттеуге негіз болады. Демек, педагогикадағы мәдени шығармашылықтың толықтығымен танысу әрдайым орын алады, бұл мәдениеттілікті құзыреттілік тұрғысынан тануға деген ойдың пайда болуына ықпал етті.

М.А. Абсатованың докторлық диссертациясында: «көпмәдениеттілік — жалпыадамзаттық құндылықтармен байланысты ұлттық құндылықтарды сақтау және жаңғырту туралы білімдер жиынтығы (жаттау ретінде емес) тұлғаның интегративті қасиеті, мінез-құлықтың әртүрлі үлгілерінде, әмбебап таным тәсілдерінде сыналған (қарым-қатынас, көпмәдениетті ортадағы өзара әрекеттестік), тұлғаны жаңа бейнені игеруге бағыттау «Мен-мономәдениет-мәдениетаралық-полимәдениет» жүйесіндегі өмір» деп талданады. 1-кестеде көпмәдениеттіліктің контент-талдауын ұсынамыз.



1-кесте. «Көпмәдениеттілік» ұғымының зерттелуі

Тұжырымдамасы	Комментарийлер	Автор және еңбектері
«Халықтардың жалпыадамзаттық мәдени құндылықтарына ұмтылу тенденциясын көрсететін этнопедагогикалық идеалдардың табиғатын салыстыру маңызды»	<i>Құндылықтарға ұмтылу тенденциясы</i>	И.Г. Фихте
«Мәдениеттердің бірлігі» адамзаттың тарихи дамуы, әртүрлі халықтар мәдениеттерінің қызмет етуінің кейбір ұқсас принциптерінің болуы туралы идеяларды басқарады»	<i>Ұқсас принциптерді басқару</i>	Н.К. Рерих
«Көпмәдениеттілік – ана тілін сіңіруді ұлттық рухани құндылықтарға, сонымен бірге айналадағы дүниеге ғылыми көзқарастарды қалыптастыратын жалпыадамзаттық білімге кіріспе»	<i>Жалпыадамзаттық білім</i>	П.Ф. Каптерев
«Тұлғалардың өзара әсер ету механизмі – мәдениеттер олардың концепцияларында диалог болып табылады, оны ғалымдар жеке адамдар арасындағы қарым-қатынас нысаны ретінде және олардың мәдениет пен өнер объектілерімен өзара әрекеттесу тәсілі»	<i>Өзара әсер ету механизмі</i>	М.М. Бахтин
«Адамзаттың мәдени-тарихи дамуының тұтастығы туралы әртүрлі халықтар мәдениеттерінің жұмыс істеуінің кейбір ұқсас принциптерінің болуы»	<i>Ұқсас принциптер арқылы тұтас даму</i>	Н.К. Рерих
«Көпмәдениеттілік білім беру» ұғымы жас ұрпақты этникалық, ұлттық және әлемдік мәдениетке баулу, осы негізде планеталық сананы дамыту, көп ұлтты ортада өмір сүруге дайындығы мен қабілетін қалыптастыру»	<i>Көпұлтты ортада өмір сүре білу</i>	В.М. Макаев
«Көпмәдениетті білім беру кеңістігі ашықтықпен, тұлға мен қоғамның туындайтын білім беру қажеттіліктеріне тез жауап беру қабілетімен сипатталады»	<i>Тез жауап беру қабілеттілігі</i>	Т.Ф. Борисова



Көпмәдениеттілік — жалпыадамзаттық құндылықтармен байланысты ұлттық құндылықтарды сақтау және жаңғырту туралы білімдер жиынтығы (жаттау ретінде емес) тұлғаның интегративті қасиеті, мінез-құлықтың әр түрлі үлгілерінде, әмбебап таным-тәсілдерінде сыналған (қарым-қатынас, көпмәдениетті ортадағы өзара әрекеттестік), тұлғаны жаңа бейнені игеруге бағыттау «Мен-мономәдениет-мәдениетаралық-полимәдениет» жүйесіндегі өмір»

Тұлғаны жаңа бейнені игеруге бағыттау

М.А. Абсатова



1-сурет. Мәдениеттіліктің мазмұны

Ғалымның еңбектерінде тілдік, мәдени және рухани әртүрлілікке тән білім беру кеңістігін қамтитын «көпмәдениеттілік» ұғымының пайда болуы туралы айтуға болады. Тиісінше, көпмәдениеттілік тұлға ұғымы оның басқа халықтардың тілін, мәдениеті мен рухани әлемін түсінуін және қабылдауын білдіреді. Демек, көпмәдениеттілік әр адамның әлемдік мәдени және білім беру кеңістігіне кірігуін қамтамасыз ететін тұрақты әлеуметтік дамудың маңызды шарты болып табылады (1-суретте).

Осылайша, М. Абсатованың бұл зерттеуі өзінің ішкі табиғаты бойынша полимәдениет идеясында барлық халықтардың өткен және қазіргі философиялық және педагогикалық ойларына сәйкес келеді. Со-

нымен, кез келген халықтың әдеби-тарихи ескерткіштерінде барлық уақыттағы өзекті филантропия идеялары алдыңғы қатарға шығады, Педагогикалық іс-әрекет бастапқыда ұлттық мұрат негізінде жүзеге асады, содан кейін ол жалпыадамзаттық мұратқа жету әрекетіне айналады.

Қорыта келгенде, п.ғ.д., профессор М.А. Абсатованың кез келген ғылыми еңбегі жоғарыда талданған секілді кәсіби және ғылыми тәжірибесінен туындайды. Ғалымның әлі де ғылымға қосар үлесі өте көп деген ой тұжырымдаймыз.

Аят МАРШАЛХАН,
С. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ
педагогика магистрі, лектор.
Алматы қаласы.



Отбасылық рухани-адамгершілік құндылықтарға теориялық талдау

Адамдар қоршаған заттар, құбылыстар, үрдістерді шындық пен жалған, жақсылық пен жамандық, көркемдік пен ұсқынсыздық, мейірімділік пен зұлымдық, әділеттілік пен әділетсіздік және т.б. тұрғыдан бағалайды. Бұл адамзаттың әлемге қатынасының және оған деген көзқарасының ерекшелігі болып есептеледі.

Осыдан, құндылықты тұлға мен қоғамның өзара байланысын мәдени, адамгершілік-бағдарлық үлгідегі түйінді, көптүрлі жалпығылыми категория ретінде анықтауға болады. Әрине адамзаттың әлемге қатынасының мұндай ерекшелігінің философиялық түсініктен тыс қалмауы заңдылық. Сондықтан адамның дүниені қабылдау ерекшелігі философиялық тұрғыдан жете ұғынуымен тығыз байланысты.

Ш. Уәлихановтың көзқарасы бойынша, адам, оның өмірі — ең басты құндылық, жаратылыстың ғажайып жемісі, ол табиғатпен тікелей байланысты.

Құндылық көпмағыналы пәнаралық ғылыми ұғым ретінде ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келеді.

Философиялық энциклопедиялық сөздікте «құндылық» адамның «барлық алдында тұрған нәрсеге талпыну, бақылау, сыйластықпен қарау, мойындау сезімдері» ретіндегі мағынада ашып көрсетіледі.

С.И. Ожегов сөздігінде «құндылық» сөзі «мән» ретінде анықталса, орысша-қазақша сөздікте: «құндылық — құнды зат, мән, ғылымда құндылық қазына, байлық» деп түсіндіріледі.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: құндылық — нарқы жоғарылық, қымбаттылық, бағалылық деп сипатталады. Құндылық арқылы сол заттың маңызын, мәнділігін, пайдалылығын, қажеттілігін, керектігін білуге болады. Мәселен, есептегіш машинаның құндылығы адамның оны дұрыс пайдалана білуіне байланысты.

Психология ғылымында құндылықтар қоғамдағы моралдық қатынастардың формасы ретінде қарастырылады. Біріншіден, құнды-

лық жеке тұлғаның немесе әлеуметтік топтың, ұжымның адамгершілік мәні, абыройы және қоғамдық институттардың (отбасы, мектепке дейінгі мекемелер, мектеп, қоғамдық ұйымдар, жоғары оқу орындары, т.б.) адамгершілік сипаттары деп қарастырылса, екіншіден, моралдық санаға қатысты көзқарастар мен ой-пікірлер, тұжырымдар: моральдық нормалар, принциптер, жақсылық пен жамандық, адалдық пен әділеттілік, бақыт және т.б. туралы түсініктер.

Психологиялық сөздікте «құндылық» ұғымы қоғам үшін әлеуметтік-тарихи маңызы бар тұлға өмірінің болмысын анықтайтын құбылыс, оқиғаны бағалаудағы әлеуметтік тәртіп, мінез-құлықты реттеуші, моралдық қарым-қатынас; объектілер, құбылыстар және сапаларды, сонымен қатар қоғамдық идеал ретінде эталон болатын абстрактылы идеяларды белгілеу үшін қолданылатын ұғым деген анықтама беріледі.

Психологиялық-педагогикалық анықтамалық сөздікте «құндылық» ұғымы мынадай мағыналарда ашып көрсетіледі: 1) «заттың оны пайдалы, қалаулы немесе құнды ететін сапасы немесе қасиеті» ретінде; 2) белгілі бір мәдениеттің немесе қоғамның аясындағы мінез-құлықтың салыстырмалы үлгісінің абстрактылы және жалпы қағидасы, ол сол қоғам мүшесін әлеуметтендіру үрдісінде ең маңызды болып табылады.

Педагогикалық сөздікте «құндылық — адамның ішкі құқы, ізгілігі, адамдармен қарым-қатынасы, іс-әрекет кезіндегі көрсетілетін қайырымдылығы, тұрақтылығы, мейірімділік тәрбиесі» - делінген. Құндылық екі компоненттен тұрады: пәндік және саналық. Пәндік құндылықтарға — заттардың табиғи қажеттілігі, еңбектен шыққан өнімнің өзіндік құны, әлеуметтік игілік, ғасырлар бойы қалыптасқан мұра, ғылыми ақиқаттың теориялық маңызы және практикалық пайдасы, адамдардың іс-әрекетіндегі жамандық пен жақсылықтың іске асуы, табиғи және қоғамдық объектілердің эстетикалық қасиеттері жатады. Санадағы құн-



дылыққа қоғамдық ой, бағалау, мақсат және оған жетудің жолдары, нормалар кіреді. Пәндік және субъективтік құндылықты философтар адамның дүниеге қатынасының екі жағы: объектісі, әрі субъектісі ретінде қарастырады. Пәндік құндылық баға берудің объектісі, субъективтік құндылық олардың өлшемі мен әдісі.

1-кесте. Отбасылық рухани-адамгершілік құндылықтар жіктемесі

Тектік құндылықтар	Жоғары (абсолютті) рухани-адамгершілік құндылықтар
Адам	«Жаратылыс шегі» (Г.К. Селевко), Жеке тұлға, рухани-адамгершілік түрлену мен өзін-өзі еркін анықтау субъектісі ретінде, оның өмірі мен абыройы, әрдайым жаңарып отыратын әлеуметте жеке тұлғаның әрекет ету қабілетінің рухани және адамгершілік негізі, заманауи дүниетаным мәдениеті (Г.Н. Филонов)
Сүйіспеншілік	Руханилықтың жоғары құндылығы (А.И. Кочетов), жанұя мүшелерінің бір-біріне рухани бауыр басуы, жауапкершілікпен қарауы, аманатету, руханидемеу, адамгершілік сұлулық, ата-ананың жан тәнімен сүйіспеншілікке бөлеуі, сүйікті адамына айрықша қызығушылық таныту, шыдамдылық, адалдық, тілектестік, оң көзбен қарау, игі ниеттілік, ақ пейілділік
Жақсылық	Ақ пейілділік, жақсылық жасау, жақсылыққа ұмтылу, адамгершілік, аяушылық, елгезектік, жомарттық, ілтипатшылдық
Құрмет	Жеке тұлғаның мүддесіне құрметпен қарау, талпынысын, абыройына, жақындарына деген көңіл-күй — құндылық қатынасын құрметтеу, даралығын сыйлау, өзге адамға риясыз қарау, көңіл бөлу, қошемет көрсету
Пәктік	Қарапайымдылық, жанының тазалығы, шыншылдық, инабаттылық, адалдық, ұстамдылық, рухани тазалық
Ақиқат	Шынайылық, ойша, сезіммен, іс-әрекет арқылы шындықты дұрыс қабылдау, балалар мен ата-ананың рухани бірлігі
Мәдениет	Мәдени-тарихи даму барысында адамзаттың жасаған материалдық және рухани құндылықтары, оқу, музыка, көркем-бейнелеу шығармашылығы, театр, мұражайлар, ұлттық және мәдени дәулет, «тірі мәдениет» (В.Д. Шадриков), ұлттық дүниетаным, «Ресей халықтарының дәстүрлі діндерінің мәдени құндылықтары» (И.В. Метлик)
Сенім	Сенімділік, киелілер, тәубе ету, рухани рефлексия, жарқын болашақ деген сенім, «жанға пайдалы тәжірибе» (Л.В. Загрекова), «саналы сенім мен рухани өзін-өзі жетілдіру» (Л.И. Рувинский), «дінге қатысты отандастардың діндеріне шыдамдылық танытуға, құқықтары мен еркіндігіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, адамилық, мәдениеті өзгеше адамдарға елгезектік және құрмет көрсету» (И.В. Метлик)



Сұлулық	Әдемілікке рухани ұмтылыс, әдемі сезімдерге, жан тебіренісіне, әсерлерге толы болу, әсемдік, таңданыс, сүйкімділік, қарым-қатынас үйлесімі, «сұлулық даналығы» (Б.М. Неменский)
Рухани тұтастық	Құдай, қайырымдылық, аяушылық, елгезектік, рухани бірлік, рухани ерлік, рухани ізденіс пен өсу, бойсұну, үлкендерге құрметпен қарау, жанұя – «кіші Шіркеу», рухани өзін-өзі басқару және өзін-өзі анықтау, шыдамдылық, мүдделердің ортақтығы
Отан	Отаншылдық, ерлік, батылдық, Отанға пайдалы және адал болу, заңға бағынушылық, өнегелілік, ұлт мақтанышы, ана тілі, атамекен; рухани ерлік, азаматтық менталитет, кәсіби құзыретті іс-әрекет өрісіндегі адамгершілік саналы әрекетке қабілеттілікпен үйлескен азаматтық жауапкершілік (Г.Н. Филонов); абырой, мәртебе
Еркіндік пен теңдік	Еркіндікке құштарлық, рухани дербестік, ар-намысын сезіну, өз пікіріне сенімділік, өзгенің құқығын мойындау және құрметпен қарау, әділдік, серіктестік, эмпатия
Қауіпсіздік	Жеке тұлғаның, қоғамның өмірлік маңызы бар мүдделерінің қорғалуы, адам еркіндігін қорғау, кез-келген, соның ішінде жағымсыз жағдайда өзінің негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыру мен өз құқығының қамтамасыз етілу мүмкіндігін сезінудің тұрақты жағдайына қол жеткізу
Шындық	Шексіз шыншылдық, ар-ұят, сөзге берік болу, ажыратушылық, әділдік, сенім арту, заңға бағыну, жауапкершілік
Абырой	Қоғамдық істе өз маңыздылығын сезіну, өз бойында және өзгелерде жақсы жақтарды мойындай білу, зиялылық, жақсы беделін сақтау, өз-өзіне жоғары талаптар қою, өзіндік маңыздылық
Кәсібилік	Білім, шеберлікке қол жеткізу, еңбек, қоғамда сұранысқа ие болу, рухани-адамгершілік өзін-өзі жетілдіру мен өзін-өзі көрсете алу

Жоғарыдағы ғалымдар рухани-адамгершілік құндылықтарды сапалар жиынтығы деп тұжырымдайды. Сапа – объектінің сипаттамасын, оның қасиет көрсететін философиялық категория.

Отбасы адамды қоршаған құбылыстар мен заттар арасында басқа да құндылықтарды тудыра отырып, ерекше мәртебеге ие. Отбасын өзіндік абсолютті әлеуметтік құндылық ретінде түсіну әлеуметтік қатынастардың көрінуі. Отбасы құндылық бола отырып, өзіндік

ерекшелігі бар отбасылық құндылықтар қатарын және бөлінген қатынастарға жататын құндылық сезімдерді тудырады.

Осыған байланысты «әлеуметтік құндылықтар» ұғымын мақсатты жан-жақты қарастыру қажет, заманауи түсіндіруде «құбылыстар мен заттардың маңыздылығы жөніндегі көзқарастарының индивидтің, әлеуметтік топтың, тұтас алғанда, қоғамның қажеттіліктеріне сәйкестігі немесе сәйкес еместігі; адамдардың әр түрлі объектілер



мен құбылыстарға қатынасы бойынша әлеуметтік-мәдени артықшылығы, индивидтің қажеттілігін қанағаттандыруға қабілеттілігі, олардың қызығушылықтары мен мақсаттарына қызмет етуі; қоғамдық сананың өнімі болып саналатын және адамзат мәдениетінде жасалаған адамгершілік және эстетикалық бұйрықтар».

Осы анықтамаларға сүйене отырып, әлеуметтік құндылықтар бұл нақты социумның тұтастығын қамтамасыз ететін негізгі нормалар, онда қоғам дамуындағы рухани және материалдық игіліктердің маңыздылығы көрсетіледі. Әлеуметтік құндылықтардың келесі жіктелімі бар: базалық құндылықтар, олар тұлғаның санасы мен мінез-құлқының негізін құрайды; терминалды (немесе мақсат) құндылықтар, өмірдің маңызды мақсатын, идеалын (мұратын), мәнін көрсетеді. Оларға өмір, **отбасы**, бостандық, қауіпсіздік, білім, материалдық игіліктер жатады; инструменталды құндылықтар — нақты мақсатқа жетуге мүмкіндік беретін нормалар мен құралдар, адамның сапасы (тарихи зерде, тарихи естелік, жұмысқа берілгендік, сенім, т.б.).

Құндылықтар отбасында адамның мінез-құлқына ықпал етеді, ал отбасы отбасылық құндылықтарды жүзеге асыру тәсілі қызметін атқарады. Сондықтан мыналар құндылық ретінде қарастырылады: отбасылық өмір, балалар, отбасы тәрбиесінің дәстүрі, рухани-адамгершілігі мол тұлға, адамның сезімдік-эмоциялық саласын дамыту, махаббат (сүйіспеншілік), рухани қажеттіліктер, қызығушылықтар, идеалдар, қоғамдағы қарым-қатынас сипаты, стилі, нормалары, адамның отбасы мүшелеріне және өзінің міндетіне қатынасы; отбасы және оның әрбір мүшесінің рухани әлемін жетілдіру, оларды отбасылық өмірге тарту, бір-біріне (ата-ана, балалар) сыйласымды қарым-қатынас, өзара түсіністік, ата-ананың өзіне және балаларына бірегей талаптары, ата-ана мен балалардың рухани жақындығы; ата-ананың психологиялық және педагогикалық білімділігі және т.б.

Сабира Зетбекқызы
НИШАНБАЕВА,
PhD, Абай атындағы ҚазҰПУ-дың
постдокторанты.
Алматы қаласы.

Жоғары оқу орындары студенттерінің оқырмандық мәдениетін дамыту

Мен өзімнің ғылыми жетекшім п.ғ.д, профессор Марфуға Абсатқызы Абсатовамен қалай танысқаным жөнінде қысқаша айта кетсем деп едім. Ол кісі бізге магистратурада сабақ берді. Магистратурада білім алып жүргенде әділетсіздікке жаны қас екендігін байқадым, әділетті болуға үйретті. Содан бері Марфуға Абсатқызы есімде қалып қойыпты. Осы жағдайдан кейін ғылым жолына түскім келді, бірақ уақыт емші деп араға біраз жыл салған соң докторантураға оқуға түстім. Марфуға Абсатқызының жетекшілігін өзім сұранып таңдап алдым. Бүгінгі таңда осы кісінің жетекшілігімен докторлық диссертациямды қорғап, PhD доктор атандым.



Біздің диссертациялық тақырыбымыз: «Жоғары оқу орындары студенттерінің оқырмандық мәдениетін дамыту» болатын. Бұл ретте айта кететін жайт, профессор М. Абсатқызымен отырып тақырып таңдауда, ол кісінің қырағылығы біз секілді докторанттарға мотивациялық компоненттің өлшем, көрсеткіштеріне сай өміршең тақырыптарға итермелеуінде. Себебі, адамзат баласы тұрғанда оқу, оқырман болу, оқырмандық мәдениет ешқашан көнермейді, қайта жылдар келе актуалдылығы арта бермек. Адамдағы мәдениеттің ең жоғарғы фи-

ниші ол оқу, оқу мәдениеті, оқу арқылы адам өзін оқырман жасау, яғни сол жолда мәдениетті дамыту. Осы орайда 2024 жылдың наурызында өткен Ұлттық құрылтайда мемлекет басшысы Қ. Тоқаев кітапхана ісін қолға алуды, оқырмандық сауаттылық пен оқырмандық мәдениетті дамытуға ашық тоқталды. Себебі, қазіргі таңда кітапханаға баратын жастар, кітап оқитын жастар өте аз. Ал кітап оқымаған адам қараңғылықтың мәңгі шырмауында қалары анық.

XXI ғасырдағы мәдени құлдыраудың жалғасуымен, атап айтқанда, қалың бұқара арасында оқуға деген қызығушылықтың төмендеуімен ғана емес, жалпы оқырмандық мәдениеттің құлдырауымен сипатталады. Туындаған жағдай себептерінің бірі – өсіп келе жатқан ойын-сауық индустриясы. Ғылыми және педагогика-

Инклюзивті білім беру мәселелерін зерттеу



PhD докторанттармен ғылыми семинар өткізу сәті

лық қоғамдастық мойындағандай, жастар үшін кітапқа балама Интернет желісінің болуы.

Қазіргі заманғы технологиялар жас пайдаланушыларды «көрнекі бұқаралық мәдениетке» баулиды, ал компьютермен жұмыс жасау (негізінен компьютерлік ойындар) мәдени ортаны қабылдаудың бөлшектік, үстірт, тұрақсыз сияқты «ерекшеліктерін» қалыптастырады. «Мәдени» оқырманға мәтіннің мазмұндық ерекшеліктеріне жайбарақат қарау, ойланбай оқуға көңіл бөлу әдетінің болмауы, сондай-ақ компьютерлік ойын-сауықты ұнататын пайдаланушылардың лексикалық қоры жұтаң болғандықтан, кітаптағы туындыны терең және саналы ұғуға қол жеткізу қиындай түседі, көп жағдайда автор меңзеген терең мағына жабулы күйде қалады.

Нәтижесінде сөз өнері адамның идеа-



лы мен рухани құндылығын жоғалтады, ал оқырманның сөйлеу әрекеті эстетикалық ерекшеліктерін жояды.

Соңғы жылдары белсенді оқитын халық үлесінің төмендеуі қоғамдағы білім мен сындарлы идеялардың тапшылығының артуына әкеледі, еңбек ресурстарының сапасына, жалпы білім деңгейіне, адамгершілік және рухани құндылықтар мен бағдарлар жүйесінің қалыптасуына әсер етеді. Қоғамның аз білімді мүшелері әлеуметтік және мәдени қауіп тобын құрайды. Олардың біліксіздігі әлеуметтік маңызды шешімдердің, ойды дұрыс білдіре алмаудың, ана тіліндегі сөздердің мағынасын түсінбеудің және жазбаша дереккөздерде шоғырланған идеялардың мағынасын түсінбеудің салдарынан жағымсыз салдарға әкелуі мүмкін.

Мәдениет (латын тілінен аударғанда «Cultura» – «өңдеу», «егу» деген сөзінен шыққан) – табиғат объектісіндегі адамның әрекеті арқылы жасалатын өзгерістер. Бұл сөзде адам еңбегінің ерекшелігі, оның адамның іс-әрекетімен байланыстылығы, адамның және оның қызметінің бірлігі негізделген.

Мәдениет – адам жасаған «екінші табиғат». Мәдениет – жеке адамның өмір сүру мақсаты мен құндылық жүйесі, адамның өмір сүрген ортамен қарым-қатынасы. Ол – өзара қарым-қатынас нәтижесінде қалыптасатын ерекше құбылыс. Адамдар өздерін қоршаған ортаға, оның әлеуметтік және мәдени қатынасына әсер етеді, өзгертеді. Олар оны өз мақсатына пайдаланады. Болашақ қоғамға, ұрпаққа мұра етіп қалдырады, ал ол мұра белгілі жағдайда үнемі дамуда болады.

Оқырмандық мәдениет – бұл жалпы мәдениеттің ерекше саласы ретінде көрінетін, жазбаша баспа түрінде бекітілген мәтінге мақсатты және белсенді түрде жүгінуге негізделген, оның ішінде оларды мағыналы қабылдау мен бағалауға негіз-

делген оқу мәдениетінің бөлігі.

Студенттердің оқырмандық мәдениетін дамытуда құндылыққа бағдарлану – тұлғаның рухани мәдениетінің тиянақты және терең көрінісі. Сондай-ақ, студенттердің оқырмандық мәдениетін дамытуда мінез-құлық пен іс-әрекеттің бүкіл барысын көрсетіп, сананың жалпы бағыттылығында жеке тұлғаның бастапқы өнегелілік ұстанымын іске асырады. Оқырмандық мәдениетті дамытудың мақсат-міндеттеріне сәйкес, барлық тәрбиелік ықпалдардан тұратын болғандықтан құндылық бағдар жеке тұлғаның интеллектуалдық деңгейі мен рухани мәдениеттілігінің интегралды көрсеткішін анықтайды.

Айта кету керек, кітап оқылған кезде ғана кәдеге асады. Қоғамдағы кітап мазмұнын игеру және оқу процестері өзара байланысты, ол «кітап – оқырман» күрделі жүйесін құрайды.

Ғылыми әдебиеттерді талдау көрсеткендей, оқу – бұл баспа ақпаратының көмегімен адамның әртүрлі қажеттіліктерін (рухани, кәсіби, эстетикалық және т.б.) қанағаттандыруға бағытталған коммуникативті-танымдық іс-әрекеттің бір түрі.

Оқу – адамдардың қоғамдық санасы мен дүниетанымын қалыптастырудың, олардың саяси және моральдық сенімдерін тәрбиелеудің маңызды құралдарының бірі. Оқу кітаптың (автор, редактор) және оқырманның өзара әрекеттесу процесі ретінде қарастырылады, нәтижесінде олар қойылған міндеттерді орындайды.

Ғалымдар оқырмандардың мәтінді түсінуінің, кітаптың сапасына, оның типологиялық ерекшеліктеріне, тұтастай алғанда оның функционалды мәніне тәуелділігін басымдық ретінде көрсетіп, кітаптан тыс функционалды тәсілдерге назар аударды. Оларды қолдану кітапты біртұтас, күрделі функционалды жүйе ретінде оқуға мүмкіндік береді.

Кітап – қоғам мен адамның арасында-



ғы маңызды фактор. Оқу мәдениеті, кітаппен оны оқуды насихаттау, оқуды тұлғаның рухани және әлеуметтік дамуының құралы ретінде қарастыру, әдебиеттегі жаңа үрдістерді түсіндіру, қоғамдағы рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастырудағы шығармашылық интелегенцияның рөлі, әлемге ұлттық әдебиетімізді насихаттау, жаһандану жағдайындағы кітапхана технологияларын трансформациялау, кітапханалық қызмет пен ақпараттық ресурстарды пайдаланудың қажеттілігі үлкен мәнге ие болып отыр.

Оқырманның қызығушылығы қандайда бір аспект бойынша эмоционалды түрде тартымды немесе маңызды болып табылатын баспа шығармаларын оқуға оқырманның таңдамалы және жағымды көзқарасы ретінде анықталады. «Оқырмандық бағыт» және «оқырман көзқарасы» сияқты ұғымдар оқырман қызығушылығы ұғымымен тығыз байланысты.

Адамда оқырмандық мәдениеттің болуы оған басқа адамдарды түсінуге, кәсіби қызметте неғұрлым кең маман болуға, басқа халықтар мен мемлекеттердің тарихы мен мәдениетіне қосылуға мүмкіндік береді. Жеке көзқарас әдеби әсерді зерттеуде өте тиімді, өйткені әр оқырман қабылдау мен ойлаудың жеке ерекшеліктеріне ие.

Ғылыми әдебиеттерді талдау негізінде «оқырмандық мәдениет» ұғымы оқу мәдениетіне қарағанда барынша ауқымды, сан қырлы, көлемді болып табылатынын анықтадық. Кітапқа деген қатынасына, оны сақтауға, таратуға қатысты қызығушылық, оқылым деңгейінде көрінетін оқырмандық мәдениетті сипаттайды.

Оқу мәдениеті оқырмандық мәдениеттің бір бөлігі, оның өзегі, өйткені ол оқу процесін қамтиды.

Аталмыш ұғымдардың арасында диалектикалық тұтастық, өзара байланыс бар (жалпы білім қоры әдеби мәтіндерді қабылдауға әсер етеді, ал ақпаратты қабыл-

дау, менгеру және оқудың жаңа тәсілдері оқырмандық мәдениетін байытады). Бұл ұғымдар арасындағы шекаралар біршама ерікті екенін ескеру қажет.

Белгілі болғандай, оқырмандық мәдениеттің жоғары деңгейі маманға басқа тұлға, басқа мәдениетті түсінуге мүмкіндік береді. Оқырмандық мәдениетке жеке дара да қосылуға болады, алғашқы мектептегі күндегідей арнайы оқу шарт емес. Бірақ, бұл ұзақ әрі бейрационалды жол.

Маманның кәсіби құзыреттілігін дамытудың ең тиімді әдісі – білім беру, зерттеу және кәсіби қызметте нақты және толық ақпараттық негіз құру мақсатында оқудың сөйлеу әрекетін жүзеге асыру. Әр түрлі авторлардың ақпараттық көздеріне үнемі жүгініп, оқырман ақпаратты жинай, жинақтай, жаңарта алады, ақпаратты салыстыра, талдай алады.

Қазіргі жағдай ғылыми-техникалық прогрестің қарқынды дамуына қарамастан, жастарды оқуға және кітапқа жақындатпайды, керісінше тарих барысында адам жасаған материалдық және рухани құндылықтардан, ең алдымен мәдениет, ғылым және білім саласындағы жетістіктерден алыстатады. Сананың рационалды-тұтынушылық түрі қалыптасуда, алдыңғы ұрпақтар жасаған мәдени мұраны сақтауға және көбейтуге қабілетті адамгершілік тұлғаны қалыптастыру үшін жағдай нашарлауда. Сондықтан деструктивті әлеуметтік құбылыстардың өсу қаупі алдында оқуды қорғау, оған деген қызығушылықты сақтау мемлекеттік маңызы бар бірқатар міндеттерге айналады.

Оқу, сауаттылық, жалпы мәдени дайындық, әртүрлі мәтіндермен жұмыс істей білу – адамдардың кәсіби, әлеуметтік-мәдени іс-әрекеттесудің қажетті шарттары болып табылады. Өзіңізбен диалогтық режимде оқу – өзін-өзі танудың ең жоғары формасы.

Ең алдымен, «Оқу мәдениеті» ұғымын



қарастырсақ, жалпы ғылымда «оқу мәдениеті» және «оқырмандық мәдениет» ұғымдары қалыптасқан.

Оқу мәдениетінің негізгі сипаттамалары бірқатар жұмыстарда қарастырылады. Сонымен, «Кітапханалық терминдер сөздігі» оны кітаппен жұмыс істеу дағдыларының жиынтығы ретінде анықтайды, оның ішінде:

- оқу тақырыбын таңдауды түсіну;
- дереккөздерге, бірінші кезекте библиографиялық құралдар мен кітапханалық каталогтар жүйесінде бағдарлау;
- жүйелілік және оқу реті;
- оқуды терең түсіну және терең қабылдау мақсатында кітапты шарлай білу;
- әдебиеттен алынған ақпаратты тәжірибеде қолдана білу;
- оқылғанды бекіту мен пайдалануды қамтамасыз ететін техникалық тәсілдер (үзінділер, конспект, картотекаларды ұйымдастыру және т.б.).

Қорыта келгенде, оқу адамға зияткерлік қанағат әкеледі, қиялын байытады, адамға

еркіндік пен жеке дамуға мүмкіндік береді, өмір сапасын жақсартуға ықпал ететін, қазіргі ұрпақтың оқырмандық мәдениетін қалыптастыратын, мәдени мұраны сақтайтын және көбейтетін маңызды білім беру және ақпараттық ресурс болып табылады.

Оқу қазіргі заманғы жас адамға қажет, оның рухани жолы ішкі ресурстарын өзін-өзі түсінуге, әсіресе ішкі әлемі мен жеке басын түсінуге, тарихтағы рөлі мен мақсатын, жақсылық пен жамандық тұрғысынан басқа адамдармен қарым-қатынасын түсінуге жұмылдыру қабілетінен басталады. Бұл шығармашылық ізденісте рухани дамыған тұлға қалыптасады, ол өзінің тағдыры үшін ғана емес, жақындарының тағдыры үшін де, өзі өмір сүретін елдің тағдыры үшін де жауапкершілік ала алады.

Азиза АЙТУАРОВА,
Абай атындағы ҚазҰПУ.
Алматы қаласы.



Шәкірт жеңісі — ұстаз жемісі

Егеменді Қазақстан үшін білім мен ғылымның дамыған заманында сауатты ұрпақ тәрбиелеу маңызы өте зор. Сондықтан бала тәрбиесінде тек ата-ананың емес, ұстаздың да алар орны ерекше. «Қазақстандағы білім беру реформасының ортақ мақсаты білім беру жүйесінің жаңа әлеуметтік-экономикалық ортаға бейімделуі болып табылады» - делінген. Қазіргі кезде қоғамның дамуына байланысты білім алушыларға білім беру, оларды тәрбиелеу және дамыту міндеттері барған сайын күрделеніп бара жатыр. Білімнің дамуына үлес қосып жүрген ғалымдардың бірі Аб-

сатова Марфуға Абсатқызы — педагогика ғылымдарының докторы, профессор. Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университетінде қызмет атқарады. Өз саласының маманы. Ғалым өзінің жан-жақтылығымен, түрлі тақырыптарда жазған мақалалары, ғылыми еңбектерімен танымал. Ғалымның осы уақытқа дейін 370-ке жуық ғылыми жұмысы жарық көрген. 12 халықаралық ғылыми журналдар базасында (ISI Web of Knowledge, Thomson Reuters, Scopus). Авторлық құқық объектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы 8 куәлік бар.



Хирш Индексі — 2 (Scopus). Хирш индексі — 1 (Web of Science) — жарық көрді. 45-ке жуық педагогика ғылымдарының магистры, 5 PhD докторын дайындап шықты.

Ғылыми-әдістемелік қызмет — зерттеу тақырыбы, жарияланымдар саны — 5. Атап айтар болсақ:

1. Интеграция негізінде оқытуды ұйымдастыру (орта және жоғары мектеп тәжірибесінде). Оқу-әдістемелік құрал. — Алматы: 2015. — 129 б.

2. Педагогикалық зерттеу жұмыстарының ғылыми аппаратын құрастырудың үлгілері. Әдістемелік құрал. — Алматы: 2015. — 100 б.

3. ЖОО оқыту үрдісін құзыреттілікке бағытталған амал негізінде ұйымдастыру. Оқу-әдістемелік құрал. — Алматы: 2016. — 100 б.

4. Құзыреттілік амал: ұғымдар, жүзеге асыруды жобалау. Оқу-әдістемелік құрал, — Алматы: 2017. — 130 б.

5. Әлеуметтік педагогика: мәселелер, ғылыми мектептер, педагогикалық тәжірибе.

Оқу-әдістемелік құрал. — Алматы: 2017. — 160 б.

Бұл еңбектері университет тарапынан оң бағаланып, «Университеттің үздік оқытушысы» — 2012, «Университеттің дамуына қосқан үлесі үшін» мерейтойлық медалі, «ҚазҰПУ 90 жылдығы. Абай 2018 жыл» марапаттарына ие болды.

Марфуға Абсатқызы жоғары оқу орындарында абыройлы қызмет атқарып қана қоймай, ақпараттық технологиямен бірге үнемі дамып, жетіліп отыруды көздеді. Осы бағытта ақпараттық технологияның тың мүмкіндіктерін пайдалана отырып, оны білім беру және дамыту мәселесінде ұтымды жүзеге асыруға ұмтылды. «Университеттегі инновациялық әдістер мен формалар, сандық ресурстар» сынды еңбектері осы ойды айшықтайды.

Марфуға Абсатқызы өз саласының білікті маманы, сабақ жүргізу және түсіндіру тәсілдері жаңашылдыққа ие, ұтымды әрі қызықты. Ғалым дәріс жүргізген білім алушылардың қай-қайсы да, сабаққа ерекше қызығушылықпен және дайындықпен қатысады. Марфуға Абсатқызы цифрлық ресурстарды жоғарғы деңгейде меңгерген және онымен бөлісетін, вебинарлар, дөңгелек үстел, ғылыми конференциялар ұйымдастырып өткізетін жаңашыл, жа-

нашыр ұстаз. Ғалым мемлекет тарапынан берілген мүмкіндіктің бірі ретінде жас ғалымдар мен оқытушылардың шет елде біліктілігін арттыруын, дарынды талапкерлердің мемлекет тарапынан шет елде білім жетілдіруін, жобаларға қатысуын алға тартады.

Мен Марфуға Абсатқызымен 2018 жылы таныстым. Сол жылы Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің Педагогика және психология мамандығына ма-



«Үздік ғылыми жарияланым» сайысының жеңімпаздарымен



гистратураға оқуға түстім. Ғылыми жетекшім ретінде Марфуға Абсатқызының болғанын қаладым, ол кісі мені қолдап, менің жетекшім болып тағайындалды. Мені 2 жылдың ішінде біраз іс-шараларға қатыстырып, жөн сілтеді. Атап айтар болсақ: магистранттардың жыл сайынғы 74-конференциясына қатысып, 2-орын алдым. Қазақ спорт және туризм академиясының 75 жылдық мерейтойына және жастар жылына орай «Білім беру, дене мәдениеті және спорттағы инновациялар» атты ғалымдар мен мұғалімдердің Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясына қатысқаным үшін сертификатпен марапатталдым және 2-дәрежелі дипломға ие болдым. «Болашақ педагог-менеджердің ақпараттық мәдениетінің сипаттамасы» атты бірлескен мақала шығардық.

2020 жылы қыркүйек айында мен Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетіне жұмысқа орналастым. Ол сәтте де Марфуға Абсатқызы маған үлкен қолдау көрсетті. «Болашақ педагог менед-

жердің ақпараттық мәдениетін дамыту: теория мен тәжірибе» атты монографиямның шығуына себепкер болса, осы ғылыми туындыға куәлік алуға да көмек берді. Үйретуден жалықпайтын, берері мол ұстаздың бәсекеге қабілетті, құзыретті шәкірттері де көп. Марфуға Абсатқызын мерейлі жасымен құттықтап, шәкірттік ықыласымды білдіргім келеді. Қоғамның әрбір жаңалығын жылы қабылдап, шәкірттердің бойына жеткізе білгенімен қатар, бойындағы бар жинап-терген білімін білім алушылардың санасына сапалы етіп сіңіре білді. Құрметті Марфуға Абсатқызы, шәкірттеріңіздің білімді, парасатты болып шығуын мақсат еттіңіз. Сізді мерейлі мерекенізбен шын жүректен құттықтай отырып, мықты денсаулық, шығармашылық табыстар мен үстем мерей тілеймін!

Самал Бейқұтқызы СҮЛЕЙМЕН,
п.ғ.м., Абай атындағы ҚазҰПУ
оқытушысы.
Алматы қаласы.



Ғылымға бағыттаушы тұлға

Дүниедегі мамандық атаулының төресі — ұстаздық. Яғни, мұғалім барлық мамандық иесін тәрбиелейтін, оқытып үйрететін мейірімді абзал жандар. «Мұғалім мамандығы — барлық мамандықтың анасы» демекші, ұстаз алдынан тәрбие алмайтын жан жоқ. Ұстаз берген тәрбие әрбір жанның өміріне жол сілтер шамшырақ секілді. Ғылым иесі ғалым да, ел қорғаған батыр да, тілінен бал тамған ақын да, тегеуріні темір балқытқан жұмысшы да, егін салған диқан да, мал бағып терін төккен шопан да, көк күмбезінен әрі өткен ғарышкер де бәрі-бәрі ұстаздан білім, тәлім алған. Сондықтан ұлағатты ұстаздарға бүкіл адам баласы

құрметпен бас иеді. Осы ұстаздар жайында халқымыздың ұлы батыры Бауыржан Момышұлы «Ұстаздық — ұлы құрмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді. Өмірге ұрпақ берген аналарды қалай ардақтасак, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да солай ардақтауға міндеттіміз» деген.

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің «Педагогика және психология» мамандығына докторантураға қабылдандым. Ғылыми кеңесші етіп п.ғ.д., профессор Абсатова Марфуға Аб-





сатқызы бекітілді. Ғылым жолындағы мен үшін орны бөлек ұстазым туралы тоқталайын. Университетке келіп ғылымға бас бұра бастағанда бағыттаушы жетекшінің болғаны үлкен жетістік. Маған осы қиын жолда бағыт көрсетіп қана қоймай, мақала жазу, зерттеу сынды ғылыми сауаттылық пен қоса тек адал еңбек ету арқылы ғана жетістікке жетуге болатынын үйреткен ұстазым — Абсатова Марфуға Абсатқызы. Сол сәттен бастап ғылымда өзінің ойып тұрып орнын алған, мектебін қалыптастырған Марфуға апай ғылым әлемінде бағыт-бағдар беріп, өзінің өмірлік тәжірибесімен де бөлісуде. Ғылыми жетекшінің жас ғалымның қалыптасуындағы орны ерекше деп есептеймін. Апай үнемі, қиыншылыққа төзімділікпен қарау және тек тынымсыз еңбек арқылы ғана ойлаған нәтижеге жетуге болатынын бойыма сіңіріп келеді. Ғылым жолымда әрі зиялы, әрі қатал, әрі талапшыл және қамқор ғылыми жетекшімнің болуы бірінші Алланың сыйы деп санаймын. Ғылымға қызығушылығымды арттырып, сенім мен шабыт ұялатқан ұстазыма ерекше алғыс айтқым келеді.

Ұстаздық пен ғалымдықтың тізгінін тең ұстаған Марфуға апайдың кісілік келбеті, адами болмысы, жан әлемі, туа бітті жаратылысы, ішкі мәдениеті бөлек. Бұлайша сенімді айтуыма ғалым-ұстаздың алдынан дәріс алғандығым, ғылыми кеңістіктегі бұл кісінің маған берген кеңесі мен өзіндік сүрлеуі түрткі болды. Мен білетін ғалым-ұстаздың сөзі қорғасындай салмақты, ойы орамды, шыңыраудай терең. Жұрт көрмегенді көре біледі. Көшелі ой мен көсем сөздің көрігін қыздырады. Түйінді ойды түйіп айтады. Ғалымға тән үлкен сарабдалдық қасиет осындай-ақ болса керек.

Ғылым — әр түрлі көзқарастар мен тәжірибелерді біріктіретін ынтымақтастық саласы. Ғылым жолы — өте ауыр жол. Осы ауыр жолдан Марфуға Абсатқызы абыроймен, адалдықпен өтті. Ғалым-ұстаз білімнен бөлек, тәрбиені қатар берген шәкірттерінің өмірлік жолындағы жетістікте-

ріне қуанады. Беделді, білікті, қарапайым, адамгершілігі мол, жастарға қамқор, әділдікті сүйетін шыншыл, көпшіл тұлға. Ұстаз өмірінің мәнді де, сәнді болуына оның өн бойындағы адал қасиеттер әсер еткені сөзсіз. Марфуға Абсатқызының айнала-сында ақыл-кеңес сұрап отыратын әріптестері мен өзін сыйлайтын, құрметтейтін шәкірттерінің көп болғаны оны анық дәлелдейді. Білікті педагог, ғалым, өз заманының дара тұлғасы, ұлағатты ұстаз осы жасына дейін қызметтің сан сатысынан өтіп, әріптестерінің ыстық ықыласы мен алғысына бөленген жанның бірі. Ғалым ұстаздың сара жолын шәкірттері жалғастыруда. Марфуға апайдан өнегелі тәлім, терең білім алған шәкірттері қазіргі уақытта еліміздің әр өңірінде, ғылымда, оқу орындарында табысты қызмет атқарып жүр.

Өмірде ғалым үшін ең үлкен жетістік — үздік шәкірт тәрбиелеу. Өмірлік жолын білімге арнаған ардақты жанның жеткен жетістігі де жетерлік. Болашағының іргесін бүгіннен бастап қалап, жас ұрпақтың білімге құштарлығын арттырудағы еңбегін кейінгі толқын шәкірттері де мойындайды.

Бүгінде 50 жасқа толған Марфуға Абсатқызы өмірден тоқығаны мол, кең ойлап, қамқор қолын ұсынып жүретін жан. Оның өзі тандаған саланы дамытуға сіңірген белсенді қызметі, озық ойлайтын кемел қабілеті жұртты тәнті етпей қоймады. Жастарға ұлағатты ұстаз, өнеге болып табылады. Апайдың бұл реттегі игілікті істерін әріптестері әрқашан да жоғары бағалайды. Сіздің ғылымға бергеніңізден береріңіз мол. Деніңізге саулық, еңбегіңізге мол табыстар тілеймін! Елу деген жасты еңсерген ұстазыма зиялылық пен парасаттылықтың биігінен көрінуін, мәртебесі жоғары болуын тілеймін.

З.А. БАКИРОВА,

Абай атындағы ҚазҰПУ докторанты.

Алматы қаласы.



Бастауыш сынып оқушыларын заманауи гаджеттер арқылы жылдам оқуға үйрету

Қазіргі ақпараттық қоғамда ақпаратты тез және тиімді игеру қабілеті барған сайын маңызды дағдыға айналууда. Бастауыш сыныпты оқытуда сабақ барысында заманауи гаджеттерді пайдалану арқылы сабақ өткізу өте тиімді. Соның ішінде бастауыш сынып оқушыларын жылдам оқуға үйретуде заманауи гаджеттер аса қажетті.

Гаджет-адам өмірін жеңілдетуге және жақсартуға арналған шағын аппарат. Қазіргі сабақ барысында қолданып жүрген интерактивті тақтамыз, компьютерлер мен смартфондарымыздың барлығы заманауи гаджеттерге жатады.

Білім алушыларды жылдам оқуға үйрету — педагогикадағы маңызды міндеттердің бірі. Қазіргі заманауи балалар кіші жасынан бастап шамадан тыс графикалық ақпараттармен байланыс жасайды. Бастауыш сынып жасындағы балалардың көпшілігі смартфондар мен планшеттерді пайдалануды, мобильді ойындарды ойнауды және мультфильмдерді карауды біледі және жылдам үйренеді. Нәтижесінде мәтіндік ақпаратты оқу уақыты келгенде берілген мәтін мазмұнын, сөздерді түсіну қиынға соғады. Балалар сенімсіз және баяу қарқынмен оқиды, тапсырмаларды орындау үшін көп уақыт жоғалтады, бұл олардың бастауыш мектепте де, орта және жоғары сыныптарда да жалпы көрсеткіштеріне теріс әсер етеді. Бастауыш сыныптағы оқушы жылдам әрі саналы оқуды үйренбесе, онда болашақта ол мектеп курсының барлық пәндері бойынша материалды меңгеру мен қабылдауда, есте сақтауда қиындықтарға тап болуы анық.

Қазіргі таңда оқушыларды жылдам оқуға үйретудің көптеген әдіс-тәсілдері бар. Бұрынырақ ол әдіс-тәсілдер импровизацияланған қарапайым құралдар арқылы

жүзеге асып отырды. Өкінішке орай, жылдам оқытудың ескі және қарапайым тәсілдері замануи техникалар кеңістігі қарқынды дамып жатқан әлемдік білім беру жүйесінде өзекті және ұтымды емес.

Оқыту үдерісінде білім алушыларды жылдам оқуға үйретудің тиімділігін арттыру үшін заманауи гаджеттерді пайдалану жоғары нәтижелер көрсетіп отыр. Смартфондар мен планшеттер сияқты цифрлық технологияларды пайдалану, осы тұста әртүрлі электронды оқыту құралдарын, компьютерлік оқу ойындарын және тренажерларды оқу процесіне енгізу оқушылардың танымдық қызығушылығы, оқуға деген табандылығы мен мотивациясының артуына ықпал етеді. Сабақ барысында мультимедиялық құралдар мен гаджеттерді қолдану оқу үдерісін жетілдіруге, оқу материалын неғұрлым анық және нақты түсіндіруге, сабақ құрылымын қызықты білім алу алаңына айналдыруға септігін тигізеді.

Дұрыс ұйымдастырылған компьютерлік тренажерларды пайдалану арқылы баланың зейіні мен қабылдауын, белсенді жадысын, жылдам оқу қабілетін арттыруда маңызды. Осы орайда, қарапайым оқыту құралдарын пайдалану қажеттілігі төмендеп, сабақ барысы жылдам, жүйелі және қызықты түрде ұйымдастырылады. Сондықтан, білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі оқу-тәрбие үдерісіне заманауи гаджеттерді, электронды оқыту кешендерін, онлайн тренажерлар мен ойындарды кіріктіру болып табылады.

Зерттеу жұмысының мақсаты бастауыш сынып оқушыларының жылдам оқу қабілетін арттыруда заманауи гаджеттердің тиімділігін негіздеу.

Саналы оқу жылдамдығы — оқушылар-



дың үлгеріміне әсер ететін негізгі факторлардың бірі. Жылдам оқу — мәтіндік ақпаратты тез қабылдауға мүмкіндік беретін дағды [1]. Кіші мектеп жасындағы оқушыларды жылдам оқуға үйретуде педагогтер арсеналында түрлі техникалар мен құралдар жеткілікті. Саналы адамның жадысы көз алдында ұзақ көрінген құбылыс емес, белгілі бір уақытта қысқа мерзімде бейнеленген құбылыстарды жақсы есте сақтауға қабілетті. Дәл сол қысқа мерзімді құбылыс адамның санасын тітіркендіріп, есінде сақталады. Сондықтан бастауыш білім беру педагогтері күнделікті, белгілі бір уақыт аралығында бастауыш сынып оқушыларымен сөздерді, сөйлемдерді, мәтіндік ақпараттар көлемін жадыда сақтай білу дағдысы бойынша жаттығулар жүргізіп тұруды ұсынады. Ақпараттық технологиялар дамыған ғасырда ол жаттығуларды ақпараттық-компьютерлік құралдар мен гаджеттерді қолдана отырып орындау нәтижелі болады. Зерттеулерге сәйкес, әр оқушының өзіндік «оқу аумағы» бар: кей оқушылар бір қарағанда 1 ғана сөзді, ал басқа бір оқушылар 2-3 сөзді, кейбірі бірден 4-5 сөзді жылдам түсініп, қабылдай алады [2]. Оқушылардың «оқу аумағын» кеңейту үшін арнайы слайдқа жаңа, таныс мәтіннен алынған 4-5 сөзді жазып, тек 1-2 секундқа ғана шығарып көрсетуге болады. Одан кейін, оқушылардан есінде сақталған сөздерді айту сұралады. Барлық оқушылар толық сөздерді айтып шыға алмайды, уақыт өте келе кейбір оқушылар сөздердің барлығын тіпті, берілген тізбегі бойынша атап бере алады. Осындай кішігірім жаттығулардың өзі оқушының жылдам оқуда жадысының белсенділігін арттырады.

Білім алушылардың жадысы, есте сақтау қабілеті төмен болатын болса ол оқу техникасына кері әсер етуі мүмкін.

Оқушылардың жылдам оқу дағдысын дамытудың бірнеше негізгі артықшылықтары бар:

1. Есте сақтау қабілеті жаттығады. Бала есте сақтап қана қоймай, үлкен көлемдегі ақпаратты қайта өңдеп айта алады;
2. Оқуға деген қызығушылығы артып, өзіне деген сенімі артады;
3. Бала үй тапсырмасын тезірек орын-

дайды, бұл хоббиге, қызықты іс-әрекеттерге және демалуға уақыт жеткізуде оңтайлы;

4. Көрнекі зейін мен шоғырлану дамиды.

О.А. Андреев пен Л.Н. Хромовтың «Жылдам оқуды үйрену» кітабында оқушының оқу өрісін кеңейтуде неміс психотерапевті Вальтер Шультенің атымен аталған Шультенің мәтіндік және ақпараттық кестелерін пайдалануды ұсынды [3].

Шультенің әр кестесі хаотикалық тәртіптегі сандар мен әріптер жазылған квадрат ұяшықтардан тұрады. Шульте кестелерімен жұмыс жасаудағы басты мақсат — баланың оқу өрісін кеңейту. Кестемен жұмыс жасауды бастарда кестенің ортасында тұрған ұяшықтарға бірінші назар аударып, содан кейін толық кестені қарау ұсынылады. Шульте кестесін толықтай қарап шығу үдерісі кезінде көз торының шеткі аймақтары тітіркене бастайды және көру алаңының резервтік аймақтарынан алынған ақпаратты өңдеу үшін нейрондық ансамбльдер құрылады. Кестенің орталығына назарды бекіту арқылы оқушы мидағы оперативті жады матрицасына толық панораманы жібереді. Әрі қарай тек сандарды оқу емес, олардың орындарымен қоса жадыда сақтау бойынша үдеріс жүреді. Шульте кестесімен жұмыс оқушының жылдам оқу техникасының қалыптасуына әсер ететін негізгі дағдылар, атап айтсақ белсенді жадысын дамытуға, зейін тұрақтылығын арттыруға, көру өрісінің кеңеюіне тиімді ықпал етеді.

Оқу өрісінің кеңеюіне тиімді тағы бір жаттығу түрі — сандық пирамидалармен жұмыс. Сандық пирамида ортасында кездейсоқ екітаңбалы сандар мен реттік сандардан тұратын жоғарыдан төменге қарай орналасқан екі жолдан тұрады. Оқушыларға тек орталық осьтік сандарға назар бекіту ұсынылады. Жаттығуды орындау кезінде білім алушы орталық сандарды есінде сақтап қана қоймай, оның қасындағы жолақта тұрған сандарды да толық жадыда сақтауға талпынуы қажет.

Сандық пирамида оқушының көру өрісінің аумағын кеңейтіп, берілген мәтінді көздің вертикальды қозғалысы арқылы тез



оқып, қабылдай алуына жақсы әсер етеді. Көздің тік қозғалысы арқылы мәтінге көз жүгірту оқу өрісі кең оқушыға мәтіндегі ақпаратты жылдам қабылдауға мүмкіндік береді.

Бастауыш сынып оқушысын жылдам оқуға үйрету әдістерінің барлығы мәтіндік ақпаратты бірнеше рет қайталап оқуды жоюға; көру өрісін ұлғайту және көздің периферикалық жұмысын дамытуға; жылдам оқуға; сөздерді тікелей типографиялық бейнесіне сәйкес жылдам тануға; мәтінге деген зейін тұрақтылығына бағытталады. Оқушыны жылдам оқуға үйрету кепілі — үздіксіз жаттығулар және оқу үдерісін бақылау.

Жылдам оқу — бұл таза көзбен оқу техникасы. Көз ғана 100 пайыз ақпаратты миға жеткізе алады. Өйткені көз ауызға қарағанда бірнеше есе жылдам қозғалады. Адамдардың оқу жылдамдығы орташа есеппен минутына 200–250 сөзге дейін оқи алады. Ал арнайы жаттыққан адамдар бір күнде бір кітапты оқуға қабілетті болады екен. Ал, көзіміздің көру аумағын кеңейтіп, мәтінді барынша кең қамтып, жылдам қозғалта алатын болсақ, аз уақытта көп ақпаратты оқи алатын боламыз. Ол үшін бізге бірнеше техникаларды игеру керек болады.

Қазіргі таңда ғаламдық технологиялардың қарқынды даму кезеңінде өзекті мәселелердің бірі балалардың кітап оқуға деген ынтасының азайып бара жатқаны алаңдатады. Көркем шығарманы оқуға қызықпаудың себептерінің бірі баланың мәтінді жылдам оқуды меңгере алмауы. Сөзді ежіктеп оқыған бала мәтін мазмұнын түсінбейді. Осыдан балада жалығу, оқуға қызықпау пайда болып, бала түрлі сылтау ойлап табуға бейімделе бастайды. Қазіргі балалардың көпшілігі ғаламтор құралдарын жақсы меңгергенімен, ауызекі сөйлеуде шоркак, тіл байлығы, сөздік қоры аз, өз ойын еркін, көркем айтып жеткізуге қиналатынын көріп жүрміз.

Баланың оқу жылдамдығын қалай арттыруға болады? Ол үшін зейінді, назарды, есте сақтауды дамытатын түрлі жаттығуларды орындап үйренудің маңызы зор. Жылдам оқуға үйрету тапсырмалары бала үшін қызықты әрі интелектін ашатын болуы ма-

ңызды. Осы орайда жылдам оқуға үйретудің мынадай әдістері ұсынылады.

1) Буындар кестесі. Алдымен балаға буындарды тұтас оқып үйренуді меңгерту керек. Ол үшін буындар кестесімен жұмыс жасайды. Буындарды тігінен және көлденеңінен оқып үйренеді;

2) Сөздерді буынға бөлу және дұрыс оқу. Бала сөздерді үлгі бойынша буынға бөлуді меңгереді. Буынға бөлу ерекшелігіне мән беру қажет. Алғаш үйреніп жатқан балаға буынға бөлінетін сөздер бір типті болуы маңызды. Содан кейін аралас буындарды оқытқан дұрыс. Бала сөздерді буынға дұрыс бөліп оқығанда ғана сөз мағынасын түсінеді;

3) Сөздерді түрлі бағытта оқу. Мұнда бала сөзді төңкеріп оқу, әр түрлі өлшемдегі әріптерден құралған сөздерді оқу, кедергі әріптерден құралған сөздерді оқу, жартылай әріпті сөздерді оқуды меңгереді;

4) «Бөлшектелген сөздер» жаттығуы. Бала буындардан сөздер құрастыруды, сөздің түбірі мен қосымшасын табуды, сөз тіркестерін құрастыруды, сөздерден сөйлемдер құрастыруды меңгереді;

5) Шульте кестелері. Баланың көру өрісін кеңейтетін арнайы жаттығу. Бұл жаттығулар ауқымды көруді жақсартып, оқуды жетелдетуге бағытталған;


6) Струп жаттығуы. Зейінді, ойды дамытуға арналған арнайы жаттығу;

7) Лабиринт. Баланың көзі мен ойын дамытатын ойын түрі. Лабиринт түрін түрлендіруге болады. Өтілген әріп пен санға, дауысты және дауыссыз дыбыстарға байланысты, дыбыс түрлеріне, көбейту және бөлу кестесіне байланысты құрастыруға да болады;

8) Кестеден сөздер табу. Бір тақырыпқа байланысты сөздерді кестеден табу зейіні мен назарын дамытады;

9) Мнемотехника әдісі. Мнемокестеде образдап сурет салу немесе арнайы салынған суреттер арқылы баланың жүйелі сөйлеу қабілеті дамиды.

Бала жылдам оқумен қатар оқығанын түсініп, мәтіннен не түйгенін айтып бере алса, мақсатымызға жеткеніміз. «Білім негізі — бастауышта» дегендей, бастауыш сынып оқушысы ақпаратты тез, берік есте сақтайды.



1-сурет

Зерттеулер нәтижелері бойынша анықталған жылдам оқуға жаттығудың екі деңгейі бар. Бірінші деңгей екі түрлі тапсырманы меңгеруден тұрады: дыбыстамай оқу және көру кеңістігін шекті түрде кеңейту. Екінші деңгей адам тек 10%-ын ғана пайдаланатын ми мүмкіндіктерінің ерекшеліктерімен анықталады.

Қазіргі жаһандану дәуірінде бағдарлама құрастырушылар оқу үдерісінде тиімді болатын көптеген қосымшалар мен платформалар жүйелерін жасап шығарған. Оның ішінді, оқушылардың жылдам оқу техникасын дамыту мен жаттықтыруға нәтижелі ықпал ететін де оңтайлы қосымшалар кездеседі.

Гаджеттерді пайдалану арқылы қолданылатын, оқу техникасын жаттықтыруға арналған қосымшаның бірі — «Скорочтение. Таблицы Шульте». Қосымшада жылдам оқу техникасының негізгі ұстанымдары қарапайым тілде сипатталған. Аталмыш қосымша минутына 150.000 сөз оқып чемпион атанған оқушыларды оқытуда пайдаланылған авторлық әдістерден құралған. Қосымша оқу үдерісінің барлық қатысушыларына қолжетімді және қолдануда оңай. Сабақ барысының кіші бөлігінде қосымшадағы жаттығуларды күнделікті орындап отыру оқушының жылдам оқу дағдысының динамикасына оң әсерін тигізеді.

Қосымшада «Сәйкестендір», «Жады матрицасы», «Түстер сәйкестігі», «Шульте кестесі», «Мнемотехника», «Арифметика»

атты жаттығулар бар (1-сурет). Жаттығулардың барлығы есте сақтауды дамытуға, реакция жылдамдығының артуына бағытталады.

Оқу жылдамдығын асыруда тағы бір пайдалы құралдардың бірі «Скорочей» платформасы. Бұл платформа арнайы метроном ритмі арқылы қысқа мәтіннің бастапқы бөлігінен соңғы бөлігіне көз жүгірту жаттығуын орындау арқылы қолданылады. Метроном тілінің бірінші соғысында мәтіннің бастапқы бөлігіне назар аударып, метроном тілі екінші рет соққанға дейін мәтіннің соңғы бөлігіне дейін көз жүгіртіп үлгеру қажет. Осы тұста, бұл жаттығу арқылы баланың оқу техникасы ілгері дамиды. Мәтіндегі әріптер мен сөздерді жылдам қабылдау қабілетінің артуы жүзеге асады. Платформа М. Зигановтың жылдам оқу техникасын арттыру әдісі бойынша әзірленген [4].

Бастауыш сынып оқушыларын заманауи гаджеттер арқылы жылдам оқуға үйретуді жүзеге асыруда педагогтің алдына маңызды міндеттер қойылады. Атап айтқанда, жылдам оқуға үйрету жаттығуларын дайындау, түрлі платформаларды тиімді пайдалану, сабақ барысындағы оқыту үдерісін жүйелі ұйымдастыру, жылдам оқуға үйрету дағдысын арттыру мақсатында білімін жетілдіру. Келесі кезекте, жылдам оқуға үйретудің кешенінің құрылымын қарастырайық (2-сурет).



2-сурет

Педагогтер жылдам оқу техникасын гаджеттерді пайдалану арқылы дамытуды бастамас бұрын, жылдам оқуға үйретудің кешенді құрылымын жасап алуы маңызды. Сабақ барысында оқушыны қандай мақсатпен жылдам оқуға үйрету керек, қалай үйрету керек және қандай жаттықтырғыштар мен платформаларды пайдалану қажеттігін нақты білу үшін жоғарыдағы құрылым тиімді болып табылады.

Қорытынды

Қорыта келе, мақалада сипатталған арнайы қосымшалар бастауыш сынып оқушыларының оқу жылдамдығын арттыруда маңызды рөл атқарады деген тұжырым жасаймыз. Қазіргі таңда білім беру мекемелерінде оқу-тәрбиесі үдерісіне инновационды-цифрлық технологияларды енгізу негізгі міндеттердің бірі болып табылады. Оқу процесін жеңілдету мен автоматтандыруда заманауи гаджеттер мен ақпараттық технологиялардың рөлі зор.

Арнайы жаттықтырғыштар мен платформалар сабақтың өне бойында күнделікті қолданылатын болса, оқушылардың оқу дағдылары мен қабылдау, зейін тұрақтылығы, есте сақтау қабілеттері дамиды. Мұғалімге оқу үдерісін оңтайлы ұйымдастыру мен жоғары нәтижелерге қол жеткізуге заманауи гаджеттер үлкен септігін тигізері айқын. Кіші мектеп жасындағы оқу-

шылардың білім алу процесінде заманауи гаджеттердің орны ерекше екендігі және пайдалы да тиімді тұстары анықталды.

Бастауыш сынып оқушыларын жылдам оқуға үйретуде заманауи гаджеттердің көмегі орасан зор. Жылдам оқу - бұл үлкен мәтіндік ақпаратты тез игеру мүмкіндігі ғана емес, ең бастысы бұл мәтіннің мазмұндық тереңдігін игерудің жоғары деңгейімен, ақпаратты тиімді түсіну мүмкіндігі. Бастауыш білім беру үдерісінде заманауи гаджеттерді пайдалана отырып, жылдам оқуға үйрету, бүгінгі өмір талабына сай білімі мен біліктерін жаңартылған мен қолдануға, жеке тұлға ретінде дамуына жағдай жасайды.

Әдебиеттер тізімі:

1. М. Кесебаев. Жылдам оқы. 5 есе тез әрі түсініп оқы. — Алматы, 2020;
2. Андреев О.А., Хромов Л.Н. Учитесь быстро читать. — Краснодар: Просвещение, 1991;
3. Зиганов М. А. Скорочтение. Универсальный курс по развитию навыков рационального чтения. — М.: Эксмо, 2012.

Сандуғаш ЖҰМАДІЛДӘ,
Абай атындағы ҚазҰПУ
1-курс магистранты.
Алматы қаласы.



«BOOK—CROSSING» арқылы бастауыш сынып оқушыларының отбасылық кітап оқу мәдениетін арттыру

XXI ғасырдағы мәдени құлдыраудың жалғасуымен, атап айтқанда, қалың бұқара арасында оқуға деген қызығушылықтың төмендеуімен ғана емес, жалпы оқырмандық мәдениеттің құлдырауымен сипатталады. Туындаған жағдай себептерінің бірі — өсіп келе жатқан ойын-сауық индустриясы.

Нәтижесінде сөз өнері адамның идеялы мен рухани құндылығын жоғалтады, ал оқырманның сөйлеу әрекеті эстетикалық ерекшеліктерін жояды.

Соңғы жылдары белсенді оқитын халық үлесінің төмендеуі қоғамдағы білім мен сындарлы идеялардың тапшылығының артуына әкеледі, еңбек ресурстарының сапасына, жалпы білім деңгейіне, адамгершілік және рухани құндылықтар мен бағдарлар жүйесінің қалыптасуына әсер етеді. Қоғамның аз білімді мүшелері әлеуметтік және мәдени қауіп тобын құрайды. Олардың біліксіздігі әлеуметтік маңызды шешімдердің, ойды дұрыс білдіре алмаудың, ана тіліндегі сөздердің мағынасын түсінбеудің және жазбаша дереккөздерде шоғырланған идеялардың мағынасын түсінбеудің салдарынан жағымсыз салдарға әкелуі мүмкін.

Қазіргі жағдай ғылыми-техникалық прогрестің қарқынды дамуына қарамастан, жастарды оқуға және кітапқа жақындатпайды, керісінше тарих барысында адам жасаған материалдық және рухани құндылықтардан, ең алдымен мәдениет, ғылым мен білім саласындағы жетістіктерден алыстатады. Сананың рационалдық-тұтынушылық түрі қалыптасуда, алдыңғы ұрпақтар жасаған мәдени мұраны сақтауға және көбейтуге қабілетті адамгершілік тұлғаны қалыптастыру үшін жағдай нашарлауда. Сондықтан деструктивті әлеуметтік құбылыстардың өсу қаупі алдында оқуды қорғау, оған деген қы-

зығушылықты сақтау — мемлекеттік маңызы бар бірқатар міндеттерге айналады.

Буккроссинг (ағылшын тілінде «кітаптың айналыста жүруі») — «өзің оқысаң, өзгеге табыс ет» қағидасына негізделген хоби мен адам және кітап арасын жақындатын, кітап оқуға шақыратын қоғамдық қозғалыстардың бірі. Буккроссингтің ережесі бойынша, кез келген адам өзі оқып бітірген бір кітабын қоғамдық көпшілік орындарда (саябақ, кафе, кітапхана және т.б.) қойып кете алады, кейін бұл кітапты тауып алған басқа адам оқиды, оқып болған соң, ол да сол кітапты орнына тастап кетеді, дәл осылай ол кітапты басқа оқырман оқи алады. Бұл қоғамдық қозғалысқа қатысушыларды — «буккроссерлер» деп атайды.

«Буккроссингтің» басты мақсаты ол — үйімізде шаң тозаң болып жатқан немесе оқылған кітаптарға «екінші өмір сыйлау»; оқырмандар арасында «кітап алмастыру» акциясын жүргізу; әр түрлі жастағы оқырмандарды кітап оқуға шақыру; кітапханаға оқырмандарды тарту; күнделікті өмірдегі әр оқырманның кітап оқу әрекетін танымал етуге өз үлесін қосу; әлемді үлкен кітапханаға айналдыру;

«Буккроссинг» идеясын ең алғаш рет АҚШ-та Интернет-технология маманы Рон Хорнбекер 2001 жылы ұсынған. Ол қоғамдық орында мынадай жазуы бар кітап қалдырды: «Бұл жоғалып кеткен кітап емес, мына сайтқа кіріп, оның бұрынғы иесін біле аласыз. Жарты жылдан кейін оның сайтын да екінші рет дүниеге келген кітаптың жолын жалғастырған 300 белсенді пайдаланушы тіркелді. 2004 жылдан бастап «Bookcrossing» сөзі Оксфорд сөздігіне ресми түрде енгізілді.

Мемлекет басшысы Қасым Жомарт То-



каев ұлтымыздың оқуға құштарлығын арттыру үшін тиісті шараларды тапсырған болатын. Олар «Бір ел бір кітап акциясы», «Оқуға құштар мектеп» жобасы, «Bookcrossing» акциялары.

«Bookcrossing» Қазақстанда 2005 жылдан бері қолданып келе жатыр. Акция мақсаты балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру, бір-бірлерімен кітап алмасу. «Bookcrossing» қазақша «кітап сыйла» немесе «кітаптың айналымда жүруі» дегенді білдіреді.

Кітап оқу мәдениетінің маңызды элементі азаматтық ұстанымды тәрбиелеу. Азаматтық дұрыс ұстанымы қалыптасқан адам — қоғамның белсенді мүшесі ретінде қоғамның кітап оқу ынтасын арттырып, «кітапқұмар қоғам», «ойшыл қоғам» ұғымдарының қалыптасуына әсер етеді. Соңғы жылдардағы белең алған кітап оқуға қызықпау үрдісі — кітаптың қоғамдағы ерекше рөлін, беделін, мәртебесін жоғалтуға әкеп тірейді.

Халық арасында «екінші сауатсыздық» деп аталатын кітапты ежіктеп әрең оқитын, сауатсыз жазатын кітап оқуға ықылас қоймайтын адамдар тобы көбейді. Кітап оқуға енжарлық дағдарысы индустриалды дамыған елдердің барлығында байқалады. Мысалы, бүгінгі таңда АҚШ-та 40-50 миллионға жуық адам, Германияда 3-4 миллиондай адам оқу дағдарысында екен. Ал Франция министрлігінің жұмыс тобы жүргізген талдау деректерінің нәтижесі әлемдегі әдебиетшілер елі болып саналатын Францияның өзінде де еңбекке жарамды халықтың 20%-ға жуығы оқу мен жазуға қиналатынын, яғни әрең оқитын және сауатсыз жазатын адамдар екенін анықтады.

Екінші сауатсыздық құбылысының пайда болуы бірқатар жағымсыз әлеуметтік-экономикалық салдарға әкеледі. Сондықтан, өткен ғасырдың 80-жылдарынан бастап бұл мәселеге ерекше назар аударылуда.

Әлемдік тәжірибеде оқу дағдарысының проблемаларын шешу бойынша үлкен тәжірибе жинақталған. Көптеген елдерде кітап оқуға ынталандыру, кітапты бағалауға,

ұқыптап ұстауға байланысты әр түрлі іс-шаралар өткізіледі. Солардың біразынан мысал келтірсек: небәрі 5 миллион халқы бар шағын ғана мемлекет Норвегияда 700-ге жуық балалар кітабы шығарылады екен.

Мемлекет балалардың, ата-аналардың, кітапханалардың, жазушылардың, баспагерлердің, балалардың кітап оқуы жөніндегі және т.б. мамандардың мүдделерін ескере отырып, баланың кітап оқуына әртүрлі тәсілдермен қолдау көрсетеді. Норвег тіліндегі және барлық аударма кітаптар кітапханаға тек мемлекет есебінен түседі. Бұндай саясат жазушыны да, баспаны да қолдайды.

Кітап оқуды енді бастаған балаларға, мүмкіндігі шектеулі балаларға, сондай-ақ Норвегияға жуырда қоныс аударып, тіл үйреніп жүрген балаларға арнап үлкен әріптермен жазылған, әдемі суреттермен безендендірілген және аз көлемді «оңай оқылатын кітаптар» сериясы барлық ірі баспаларда шығарылады. Бұл желісі мен кейіпкерлері бар, сапалы жұқа кітаптар. Балаларды жаңа кітаптармен таныстыру мақсатында көшеде жылжымалы көлік-кітапханалар да жүреді, кітапханашылар жылына бірнеше рет мектепке келеді, сонымен қатар олар міндетті түрде ата-аналар жиналыстарына қатысып, сөз сөйлейді. Бұл кездесулер ата-аналарға балалар әдебиетімен танысуға және балаларға арналған кітапты таңдауға мүмкіндік береді.

Оқуға деген қызығушылықтың болуы немесе болмауы баланың кітапқа деген көзқарасының негізгі факторы және оны бағалау критерийі болып табылады. Кітапқа деген қызығушылық пен сүйіспеншілікті тәрбиелеу, онымен қарым-қатынас жасауға ұмтылу, көркем мәтінді тыңдау және түсіну, көркем мәдениетті дамыту балаларды көркем әдебиетпен таныстырудың негізгі міндеті болып саналады.

Балалардың кітап оқуға деген қызығушылығын тудыру және арттыру үшін оқылатын әдебиетті таңдаудың әдістемелік қағидаларын ұстану қажет.

Біріншіден, кітап таңдау барысында тәрбиелік мақсаттарды жетекшілікке алу қажет.





Екіншіден, жанрлық және тақырыптық әртүрлілік қажет: проза және өлең; көркем және ғылыми-танымдық әдебиет; бүгінгі және өткен күндер туралы, яғни тарихи кітап; заманауи авторлардың және классик жазушылардың шығармалары; фольклор – ертегілер, жұмбақтар; кітаптар мен журналдар, газеттер, қазақ, орыс және басқа ұлт авторларының шығармалары және аудармалары.

Үшіншіден, қолжетімділік қағидаларын, балалардың жас ерекшеліктерін ескеру қажет. Бастауыш сыныпта Отан, еңбек, адам өмірі, жануарлар мен өсімдіктер сынды балаларға қолжетімді тақырыптарға ертегілер, әңгімелер, өлеңдер ұсынылады. Көлемі бойынша (мағыналы және әдемі көрнекіліктерге, үлкен әріптерге ие) балаларға арналған шағын кітаптар.

Жоғары сыныптарда тарихи повестер мен әңгімелер, автобиографиялық, құжаттық, очерктік әдебиеттер, қызық оқиғалы кітаптар, мәдениет және өнер туралы кітаптар есебінен оқырмандардың дүниетанымын кеңейту.

Балаларға арналған кітаптарды таңдаудың төртінші принципі – жеке қызығушылық принципі, білім алушының кітап таңдаудағы тәуелсіздігі.

Бесінші қағида: балаларға жоғары көркемдік қасиеттерімен ерекшеленетін, түпнұсқалық көркемдік, бейнелі кітаптарды ұсыну қажет (уақыт сынағынан өткендер).

Осы қағидаларға сүйену, білім алушылардың оқуға деген қызығушылықтарын арттыруға және дүниетанымын кеңейтуге ықпал етеді.

Отбасы – қоғамның негізгі шарттарының бірі, өйткені ол барлық әлеуметтік байланыстарды біріктіреді және әлеуметтік процестерге тікелей әсер етеді. Ата-аналар – баланың алғашқы және өмірлік ұстаздары. Отбасылық ортада адамның негізгі әлеуеті – еңбекқорлық, мәдениет, әлеуметтену дағдылары, рухани-адамгершілік және отбасылық құндылықтарға деген көзқарасы қалыптасады. Алайда, отбасы жеке тұлғаның жан-жақты тәрбиесін әрдайым және толық

түрде қамтамасыз ете алмайтындығын ескермеуге болмайды.

Қазіргі оқушылардың кітап оқуға қызығушылығы өте төмен. Оны мойындауымыз керек. Бала еш нәрсеге қызықпаса, ештеңе үйрене алмайды. Сол секілді кітапқа қызығушылықты ояту баланың кішкене кезінен қолға алынуға тиісті уақыт күттірмейтін үлкен мәселе. Үйде ата-ана кітап оқыса, ол отбасының баласы міндетті түрде кітапқа қызығатын, қызығып қана қоймай оқитын, рухани мықты болып өседі. *«Баламның кітапқа қызығушылығын қалай арттырамын?»* дейтін қазіргі ата-аналарға айтар 3 кеңес:

- алдымен өзіңіз оқыңыз, күнделікті бір уақыт бөліп, балаңызбен бірге отырып оқуға дағдыланыңыз. Балаңызды қызықтыруға тырысыңыз. Мысалы, мен бүгін 5 бет оқып бітіремін немесе осы шығарманың жартысына дейін оқиық, сен де 5 бет оқысаң бірге бітеміз, қай кейіпкер ұнап жатыр, кімнің іс-әрекеті дұрыс деп ойлайсың? Маған мына тұсы ұнады деп әңгіме жүргізіп, оқығанын ой елегінен міндетті түрде өткізіп, жадына тоқып отырыңыз.

- бастауыш сынып оқушылары болса өз таңдауы бойынша немесе сыртқы мұқабасына қарап кітап сатып алып беріп оқытуға тырысыңыз. Ішкі суреттеріне мән беріп, мынау суреттегі кім екен деген қызықты сұрақтар қойып, жауап алуға тырысыңыз! Кітапқа қызығушылық төменгі сыныптарда қалыптасқаны дұрыс.

- әйгілі тұлғалардың атын атап, осы кітап арқылы жетістікке жетіпті. Мен де оқып көрейін, не жазылғанын, өмірде кездесетін қиыншылықтарға жауап бәлкім осы кітаптан табылар деген секілді ата-ана мен бала арасындағы тығыз қарым-қатынастан барып кітапқа қызығушылық оянады.

Ата-ананың ең жақсы тәрбиесі – баланың бір нәрсені түсінуге, зерттеуге деген құлшынысын арттыру. Әр үйде кітап сөрелерінде кітаптар тұрса, ата-анасы баланың алдында «кейбір шешімін табуға қиын сұраққа жауапты сол кітаптардан іздеп көрейін, жауабы осында бар шығар» деген әңгіме айтылып жатса, кітапқа баулу деген сол.



Нәтижесінде бала «артық білім — кітапта» екенін ұғады да, әлеуметтік желіні жарып жүрген жалған ақпараттардың жетегінде кете бермейді.

Сонымен кітапқа қызығушылықты оятудың нақты қадамдарын буктрейлер жасаудың жолымен түсіндіріп өтсек:

1. Оқырман тарту мақсатында буктрейлер сценарийін ойдан құрау;

2. Кітап туралы жарнамалы сөздерді алға тарту. (3-4 сөйлем);

3. Видеослайдқа арналған суреттер жинақтау;

4. Мақал, нақыл сөздермен буктрейлердің мазмұнын ашу;

5. Видео барысына сыни сұрақтар қолдану;

6. Жасайтын компьютерлік бағдарламаны тандау;

7. Буктрейлер уақыты 3-5 минут аралығында болу керек;

8. Қолданылатын слайд он санының айналасында болу керек;

9. Видео болмаса суреттермен слайд көрсету арқылы дауыс жазуға болады.

Осы қадамдармен жұмыс жасағанда буктрейлер мазмұнды, қызықты шығады.

Сөз соңында айтарым «кітап — үнсіз мұғалім» екенін ескере отырып, балаларымыздың төмендегі қабілеттерін дамытуға бірге ықпал етейік. Кітап оқыған адамның:

- білімі, ой-өрісі кеңейеді;

- сөздік қоры дамиды;

- елестету қабілеті жақсарады. Қиялдау, елестету арқылы жақсы идеялар туады;

- психикасы, денсаулығы және өзіне сенімділігі күшейеді;

- жадыны дамытады, есте сақтауы артады;

- зейінді шоғырландырады, тұрақтылыққа баулиды;

- дамудың негізгі кілті, өмірді өзгертетін, жақсы жетістікке жеткен адамдардың негізгі кілті — кітап оқу.

Оқуға деген қызығушылықтың болуы немесе болмауы баланың кітапқа деген көзқарасының негізгі факторы және оны бағалау критерийі болып табылады. Кітапқа деген

қызығушылық пен сүйіспеншілікті тәрбиелеу, онымен қарым-қатынас жасауға ұмтылу, көркем мәтінді тыңдау және түсіну, көркем мәдениетті дамыту балаларды көркем әдебиетпен таныстырудың негізгі міндеті болып саналады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Линкова, В.Н. Достучаться до сердца ребёнка // Нач школа, 2000;

2. Қадірұлы, С. Заманға сай балалар әдебиеті керек/ С. Қадірұлы // Ақ желкен. - 2010.- (№8). - Б. 21.

3. Мухамедин, М.М. Балалар шығармашылығын тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық негіздері: Педагогикалық зерттеулер / М.М. Мухамедин, Н.К. Камалова // Бастауыш мектеп. 2015. - №2-3. - Б. 6-8.

4. Голубева Н.Л. Семейное чтение в детской библиотеке : Учебно-методическое пособие / Н. Л. Голубева. — М.: Либерия-Библинформ, 2006. - 88 с. - (Библиотекарь и время XXI век)

5. Гриценко З.А. Методика приобщения детей к чтению : учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. 2-е изд., испр. — М.: Издательский центр «Академия», 2007. - 320 с.

6. Ахтанова А. Қазақ балалар драматургиясы. — Алматы, 2003. - 144 б.

7. Нұрахметова К.Ф. Балалардың кітап оқуына жетекшілік ету. — Алматы: ҚазМемҚызПИ, 2006. — 77 б. (қаз.)

8. Кітапхана терминдерінің сөздігі. — Алматы: ҚР Ұлттық кітапханасы, 2012.— 173 б. (қаз)

9. Асылбекова, Ш. Жаңа кезең. // Кітапхана әлемі. - 2003. №3. Б. 36.

10. Әділбекова, М. Жастардың қазақ тілінде кітап оқуының жағдайы // Мектептегі кітапхана. - 2004 №2. Б. 11-14.

Ақтоты ҚАЙРАТОВА,
Абай атындағы ҚазҰПУ
Бастауыш білім беру кафедрасының
1-курс магистранты.
Алматы қаласы.



«Білім туралы ғылым және оның негізгі теориялары» пәнін оқыту бойынша «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығының 1-курс, 2-топ студенттерінен кері байланыс

Утегенова Анель: Мен 15 аптаның ішінде білген, түйгенім көп. Сабақ барысында дикцияны дұрыс қойып сөйлеуден бастап, өз ойымызды еркін жеткізу, әр түрлі ғалымдардың оқулықтарымен іздену, СӨЖ тапсырмаларын түрлі онлайн платформаларды қолдана отырып жасауды үйрендік. Соңғы практикалық сабағымызды ізденіп, әр түрлі инновациялық әдістерді қолданып, қызықты өткіздік. Бұл сабақта үйренгендерімізді өмірде, болашақта педагог болғанда қолданатынымызға сенімдімін. Пәнді жүргізген Абсатова Марфуға Абсатқызына ерекше алғысымды білдіремін. Өз ісінің маманы, жоғары нәтижеге жеткізетін жоғары талаптар қоятын, өте білімді, жан-жақты, әділ оқытушы. Нағыз педагог тұлғасын Марфуға Абсатқызынан көрдім. Біз үшін үлгі болатын жан! Бұл пәнге де, оқытушыға рахметімді айтамын!

Нағметулла Аянат: пән арқылы осы күнге дейін көптеген пайдалы, өмірге қажетті мәліметтерді білдім, сондай-ақ жаңа платформалар, жаңа әдіс-тәсілдермен таныстым. Нағыз педагог өзін қалай ұстау керек, қалай сөйлеу керек барлығын Марфуға Абсатқызының арқасында үйрендік. Осы сабақ арқылы өзіміздің сөйлеу мәнерімізді реттеп, нағыз педагогтың дағдыларын бойымызға қалыптастыра білдік. Білімді сапалы да, саналы түрде берген Абсатова Марфуға Абсатқызына айтар алғысым шексіз!

Қожабаева Нұршат: осы сәтті пайдалана отырып ұстазым Абсатова Марфуға Абсатқызына өз ризашылығымды, шәкірттік алғысымды білдіремін! Білім туралы ғылым және оқытудың негізгі теориялары пәнін негізге ала отырып, осы күнге дейінгі үйренген, бар-білгенін бізге бере алды. Бұрын сонды естімеген қызықты деректерді сабақ барысында менгере білдік! Ұстазымыз білікті, білімді маман. Сөйлеу мәнері де ерекше, апайдан ғылыми тілде сөйлеуді де үйрендік десекте артық емес. Дайын педагог ретінде бізді дайындады десек те артық болмайды. Болашақ педагогтарға керек түрлі материалдарды, платформалар мен прог-

раммалармен таныстық. Болашақ педагогтарға үйретері, берері өте көп! Сабақ барысын өзінің біліктілігімен, сапалы түрде өткізіп, топ арқылы, жұп арқылы қалай жұмыс жасау керектігінде үйрете білді. Алға қойған мақсатқа жетелей білді. Мұғалімнің жетелеуімен біз де қызығып, түрлі ресурстарды, әдіс-тәсілдерді іздене бастадық. Саналы да, сапалы білім үшін Абсатова Марфуға Абсатқызына өз алғысымды білдіремін! Жұмысыңызда абыройлы, беделді, табысты болыңыз. Еңбек жолыңызда еш шаршаманыз, талманыз!

Атибек Нұрай: Өз сөзімді Марфуға апайға алғыс айтып бастасам. Осындай сабақ, осындай ұстаз арқасында аздаған уақыт ішінде көп нәрсе үйрендік. Жаңа платформалар, жаңа мәліметтер, біз білмейтін ақпараттар бере, үйрете білгеніңіз үшін алғысымыз шексіз! Өз ойымды шағын өлеңмен жеткізсем.

Алғашқы сабақ өткен кездер әлі менің есімде,

Сабақ айтпай қымсынушы ек, оқымаушы ек біз мүлде.

Оқығанды айта алмай сөйлемейтін біз едік,
Уақыт жылдам өте келе үйрендік біз көп нәрсе.

Жаңаланған әдістерді, сөйлеуді де үйрендік, Марфуғадай апайдан алар үлгі көп дедік. Алғысымыз шексіз біздің, бас иеміз бәріміз, Өзіңіздей маман болу бұйырса екен бізге де, - дей отыра, жеке өміріңізге сәттілік тілеймін.

Бакытнұр Назым: Пән бойынша көптеген жаңа мәліметтер білдік. Осы уақытқа дейінгі дәріс те де семинарда да жақсы сапалы білім алдық. Осы уақыт аралығына дейін түрлі сабаққа арналған заманауи әдіс-тәсілдер үйрендік. Бізге бар білгенін аямай көрсетіп, үйреткен Абсатова Марфуға Абсатқызына ерекше алғыс білдіремін!

Марат Айдана: Сабағына ең алғаш қатысқанымда Марфуға Абсатқызының сөз саптауы,



студенттерге көп мүмкіндік бере алуы ұнады. 15-аптада әр түрлі тақырыпты, әр түрлі әдіс-тәсілдерді үйрендім. Апайдың өзінің жеке сабаққа арналған платформасының болуы, студенттерге өте тиімді болды. Өзінің әдіс-тәсілдері болашақта біз үшін орасан зор көмек.

Марфуға Абсатқызының семинарға сабағына ерекше жауапкершілікпен қарауы, студенттерге көптеген әдіс-тәсілдер, жаңа ресурстар, инновациялық технологияларды тиімді пайдаланып өтуі нәтижелі болды.

Болашақта Марфуға Абсатқызындай мықты педагог болуға үлгі алдым. Марфуға Абсатқызына мың алғыс!

Керімбек Ақпейіл: Мен осы пән арқылы көптеген мүмкіндіктерге қол жеткіздім. Осы пәннің арқасында жаңа цифрлық құралдармен, әдістермен таныстым. Түрлі платформаларда жұмыс істеп, оларды меңгердім. Өзімнің ғылыми білімді жетілдірдім. Ойлау, ойымды жеткізу және көпшілік ортада қарым-қатынасқа түсу қабілеттерім жақсарды. Бойымда педагогқа тән дағдылар қалыптасты. Осы пән арқылы біздің дамуымызға үлес қосқан Марфуға Абсатқызына алғысым шексіз!

Амантай Аяулым: Марфуға апайдан өте көп білім мен жаңа нәрселерді үйрендім.

Ең алдымен, сабаққа кешікпей уақытылы келуді, яғни өз ісіңе, жұмысыңа салғырт қарамауды үйрендім.

Ерекше платформалармен танысып, олармен жұмыстарды жасап үйрендім, заманауи білім беру сабағын түсіне алдым. 15 апта ішінде неше түрлі тақырыптар, неше түрлі сабақтар болды, сабақтардың бәрі ерекше қайталанбастай өткізілді. Марфуға апайымыздан да үйренгеніміз өте көп, сөз саптауымызды жақсартта алдық, сабаққа дұрыс қарап, уақытты тиімді жұмсауды үйрендік.

Осындай ерекше сабақтар мен заманауи білім бергені үшін Абсатова Марфуға Абсатқызына рақметімді айтамын.

Темірханова Назкен: Марфуға Абсатқызының сабағынан өзіме көп нәрсе үйрендім. Сабақты қалай қызық өткізуді, цифрлық ресурстарды қолдануды, сабақты ұйымдастыруды үйрендім. Қалай дұрыс сөйлеуді, ұстаз ретінде өз-өзімізді ұстауды үйрендім. Марфуға Абсатқызына алғысым шексіз.

Абықан Аяла: Сабақта үйренгенім өте көп дей аламын. Жаңа терминдер және ғылыми

анықтамаларды үйрендім. Марфуға апай сабағы көптеген әдіс-тәсілдер арқылы қызықты және ерекше.

Заманауи білім беру жүйесі арқылы біз өз ойымызды айтуға және сөз саптауымыз реттелді деп айта аламын. Абсатова Марфуға Абсатқызы қатал болғанымен, маған ұнайтын мұғалімдердің бірі. Өз маманының шебері дей аламын. Сізге көп рахмет!

Бекешова Ханшайым: Мен педагогтың қандай маман болу керек екенін білдім! Ең алдымен, сабақтан кешікпеді, алға қойған мақсатты орындауды үйрене білдім. Бұл сабақ арқылы педагогикалық кітаптарды іздеп, түрлі ғалымдарды, тәжірибелі педагогтарды тани білдік.

Сабақтан алған білімім өте көп болды. Миымызды дамытып, білім беру жолындағы әдіс-тәсілдерді меңгердік. Тобымызбен сабақ өткізу арқылы бір-біріміз түрлі ойын түрлерін, әдіс-тәсілдерді, жағдаяттар мен әр-түрлі идеяларды, ресурстарды ізденіп, үйрене білдік.

Осындай сапалы білім берген Абсатова Марфуға Абсатқызына үлкен алғыс білдіремін!

Бақытжан Аружан: Сөзімнің басын Абсатова Марфуға Абсатқызы мұғаліміне алғыс білдіру арқылы бастағым келіп тұр. Абсатова Марфуға – өте ашық-жарқын адам, көңілді, өз жұмысын адал атқаратын жан. Осындай керемет педагогтан білім алғаным үшін сансыз шүкіршілік етемін.

«Білім туралы ғылым және оқытудың негізгі теориялары» пәнінде біз, педагогтің негізгі атқаратын жұмыстарымен, оқытуға байланысты көп түрлі теориялармен таныстық. Неше түрлі ресурстармен, әдістермен таныса отыра, қызықты әрі пайдалы ақпараттар алдық. Болашаққа қойған ендігі мақсатым, ол осы білім нәрін жинай отырып, керемет педагог болу.

Алпысова Аида, топ басшы: Міне көзді ашып-жұмғанша 1-курсты аяқтайын деп жатырмыз. Осы «Білім туралы ғылым және оқытудың негізгі теориялары» пәніне алғаш келгенде сөздік қорымыз таяздау, әрі сөйлемдер құрастыру қиындау болатын. Ал қазір бізде өзгеріс басым. Сөздерді анық айтып, кереметтей сөзге шешендігіміз дарыған. Адамгершілік және адами қасиеттерді бойымызға жинай білдік. Әр нәтижеге жету үшін ең алдымен қиын жолды өтуіміз қажет екенін үйрендік. Сізге алғысымыз шексіз, Марфуға Абсатқызы.



Мектепалды топ балаларының зерттеушілік іс-әрекеті арқылы танымдық дағдыларын дамытудың зерттелу жайы

Аңдатпа

Мақалада мектепалды топ балаларының зерттеушілік іс-әрекеті арқылы танымдық дағдыларын дамытудың зерттелу жайына тоқталған.

Бүгінгі мектеп жасына дейінгі жас ұрпақтарға келешекте өз өмірлерінің, олардың жеке бастық қабілеттерінің дамуында танымдық қабылдау үдерісін іске қосып, көргендерін дұрыс қабылдай білуге тәрбиелеу негізгі мақсаттардың біріне айналып отыр. Кішкентай балалардың бір нәрсені зерттеуге деген талпынысы биологиялық құбылыс екенін ескеріп, оны әрі қарай қызықтыра түсуде тәрбиешінің алатын орны ерекше.

Кілт сөздер: таным, танымдық дағдылар, зерттеу, зерттеушілік іс-әрекеті, таным теориясы, қабілет, танымдық қабылдау, қоршаған орта.

Бүгінгі мектеп жасына дейінгі жас ұрпақтарға келешекте өз өмірлерінің, олардың жеке бастық қабілеттерінің дамуында танымдық қабылдау үдерісін іске қосып, көргендерін дұрыс қабылдай білуге тәрбиелеу негізгі мақсаттардың біріне айналып отыр. Кішкентай балалардың бір нәрсені зерттеуге деген талпынысы биологиялық құбылыс екенін ескеріп, оны әрі қарай қызықтыра түсуде тәрбиешінің алатын орны ерекше. Үнемі бір нәрсені зерттеуге деген талпыныс бала мінезіне тән қасиет. Ол өзін қоршаған ортаны үнемі танып білгісі келеді. Баланың бір нәрсені зерттеп білем деген талпынысы, оны зерттеу оқу іс-әрекетіне итермелейді. Зерттеу әрекеті – мектепалды топ балаларының жеке шығармашылығына бағытталған әрекет. Мұндай әрекет мектепалды топ балалардың жеке білім аумағын қалыптастыру арқылы нәтиженің туындауына мүмкіндік береді.

Мектепалды топ балаларда арнайы білімді қалыптастыруға, сондай-ақ жалпы зерттеушілік ізденіске қажет білік пен дағдыны дамытуға қажетті бағдарламаны өңдеу қағидаларын анықтаған. Тәрбиешінің ғана қолынан келетін нәрсе – ол балалардың ісіне деген қызығушылығын өшіріп алмай, ары қарай жетелеу, дамыту. Яғни, ойлау қабілетінің ерекшеліктерін дамыту, белсенділіктерін арттыру, қызығушылығын күшейту, балаларды іздендіретіндей, ойландыратындай, танымдық әрекетке итермелейтіндей тапсырмалар беру

жағы қарастырылады. Сонымен қатар, мектепалды топ балалардың ең басты әрекеті – ойын екенін ескере отырып, дидактикалық ойындар ұйымдастыру, сол арқылы өзіндік іс-әрекеттер жасап, әрбір нысанға зерттей қарауға жаттықтыру жағы қарастырылады. Психологтардың пікірінше, бала өз қолымен іс-әрекет еткенде оның жасаған заты туралы ойында қалып, 90 пайызы есте сақталады.

Білім және ғылым энциклопедиялық сөздікте: таным былай деп көрсетілген: «Ойлауда шындықтың көрініс табу, талдау мен елестету процесі, нәтижесі дүние туралы жаңа білім алу, меңгерген біліммен тәжірибенің жиынтығы. Оқу-тәрбие процесінің маңызды аспектілерінің бірі».

Философиялық сөздікте: Таным. Іс-әрекетінің адам мақсаттары мен қызметінің қоғамдық-тарихи процесі. Таным адамның табиғатқа белсенді түрде әсер етуінен, табиғат заттарын өңдеуден зат қасиетін өндірісте пайдаланудан бастау алады делінген.

Психологиялық энциклопедиялық сөздікте: Танымдық – (таным әрекеті, танырлық, танып білерлік) танылатын үрдіс; танымдық қызығушылық; қоғамда болып жатқан өзгерістерді танып білуге деген қызығушылық.

Британ философы, Бэкон (Bacon) Фрэнсис (1561-1626 жж.) – Таным адамның табиғатқа үстемдігін күшейтеді. Оларға бағыну (табиғатқа) арқылы оны бағындырады, яғни, оның заңдылықтарын меңгеру арқылы ба-



ғындыру дәрежесі — меңгеру, заңдарды білу, білім деңгейіне байланысты десе, француз физигі, физиолог, математик және философ, рационализм бағытының көрнекті өкілі Декарт Рене (1569-1650 жж.) таным теориясы мәселелеріне баса назар аударып, білімнің көзі мен оның ақиқаттылығының өлшемі ол сыртқы дүниеде емес, адамның ақылмен іздеуінде деп байыптап, танымның көзі — интеллектуалды интуиция екендігін дәлелдейді. Бұл сезім мүшелерінің көрсеткіштері мен логикалық дәлелдерге сүйенбейді, әрі ақиқатқа тез жете алады деп интуицияның артықшылықтарына сүйенді. Интеллектуалды интуиция — материалды шындықтан таза ақылмен бөлінген нәрсе, ол жалпыға бірдей: ойлайды, өмір сүреді, таниды деген пікірін тұжырымдайды.

Ян Амос Коменский: «Таным бастамасы — сезімнен басталады. Бала сезіне білмесе, оның ой-өрісінде ешқандай өзгеріс болмайды. Оқытуды зат туралы сөзбен емес, сол затты бақылау арқылы шәкірттің ойын дамыту керек», - деп жазды.

XVI ғасырда өмір сүрген француз ғалымы Мишель Монтень оқытудағы танымдық әрекеттің маңыздылығын ерекше атап көрсетті. «Тәрбиеші баланы бастан-ақ оның бойындағы қабілеттерді еркін көрсете білуін, түрлі заттардың дәмі мен олардың ерекшеліктерін ажыратуда өз бетінше әрекет етуін, кейде оған жол көрсетіп, кейде, керісінше, өзіне іздеп отыруын қалаймын», - деген.

Ақын-жазушыларымыз да бала табиғаты туралы өз пікірлері мен қағидаларын қалдырғаны белгілі. Мәселен, ұлы Абай Құнанбаевтың танымға байланысты айтқан 19- қара сөзінде: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды танидыдағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп білген жақсы нәрселерін ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, соны адам десе болады. Мұндай сөзді есіткенде жайқақтап, шалғырттанып не салбырап, салғырттанып естісе, не есіткен жерін қайта қайырып сұрап ұғайын деп тұшынбаса, не сол жерде сөздің расына көзі жетсе де, шыға беріп қайта қалпына кетсе, естіп-есітпей не керек?

Осындай сөз танымайтуғын елге сөз айтқанша, өзінді танитұғын шошқаны баққан жақсы деп бір хакім айтқан екен, сол секілді сөз болады, - дейді. Ол өзінің қырық үшінші қара сөзінде «баланың танымын алғашқы күннен бастап дамытпаса, өзінің із-түссіз жоғалып, жойылып кететінін» айтады. Абай Құнанбаевтың бұл қағидасы қазақтың «көп жасағаннан сұрама, көпті көргеннен сұра», - деген мақалына сай келеді.

Ы. Алтынсарин «Хрестоматия» атты еңбегінде жас өспірімдердің жан дүниесін, ақыл-ойын қалыптастыруға ұдайы көңіл бөлу, мектеп пен ата-ананың ортақ міндеті деп есептеген. Ыбырай шығармаларындағы қысқа-қысқа әңгімелер баланың сана сезімін оятып, дүниетанымын кеңейтіп қана қоймай, олардың мақсатты зерттей қарауына бағытттайды.

М. Жұмабаев бойынша «ойлау жанның өте бір қиын, терең ісі». Жас балаға ойлау тым ауыр. Сондықтан тәрбиеші баланың ойлауын өркендеткенде сақтықпен, біртіндеп, іс істеу керек дей келіп, өркендету жолдары ретінде мыналарды атайды:

1. Ойдың өзінің терең болуы үшін әсерлеу һәм суреттеулердің көп һәм ашық болуы керек. Қанша дегенмен адам суреттеулер бойынша ойлайды. Сондықтан балаға бір пікірді ұқтырмақшы болсақ, жалаңаш пікірді айтуда қасиет жок, бала пікірді суреттерді өзінен шығарып алсын;

2. Бала заттарды, көріністерді ұқсас сындары бойынша тап-тапқа бөліп үйренсін;

3. Бала көріністердің, ойлардың араларындағы байламды һәм олардың қайсы-қайсысына себеп екенін біліп үйренсін. Бұл балаға мысалдардан ерекше заң шығартқызып үйрету сықылды әсермен болады, - деп көрсетеді.

Бұл пікір мектеп жасына дейінгі балаларды зерттеушілікке тәрбиелеуді көздеп, оларға үнемі бағыт беру керектігін көрсетеді.

М. Дулатовтың пікірі бойынша жас балаларды оқыған нәрсесі хақында ойлануға, оның мағынасын, қасиетін сездіруге қалай үйретпек керек? Баланы оқыған нәрсесін бір-біріне ұйқастырып ойлануына, оқып шыққаннан кейін жадында ретті һәм толық мағынасымен қалдыруға әдеттендіруі керек. Ол орыс педагогикасының атасы К. Ушинский айтқандай, оқу-тәрбие процесіне (жазу,



сызу, есептеу, оқу, т.б.) шәкірттердің сезім мүшелерін (көз, құлақ, т.б.) түгелдей қатыстырып отыру қажеттігін орынды аңғарып, мұны тәлімгерлердің жадына салуды ойластырады. Осыған орай ол былай деп жазады: «Әрбір жазылған сөз (тақтаға, дәптерге, тіпті ауызекі сөзді де) жазушының сезінуімен, естуімен, көруімен «шыққан нәрсе».

Академик М. Әуезов былай деген: «Ата-ананың жас балаға беретін тәрбиесінде де, баланың балаға беретін тәрбиесі де, баланың ойын тапқырлыққа баулу үшін де жұмбақтың көп пайдасы бар».

Баланың іс-әрекетін және таным дағдыларын дамыту мәселесіне келгенде қазақстандық ғалымдардың еңбегіне сүйенбей өте алмаймыз. Қазақтың белгілі психологтары: М. Мұқанов, Т. Тәжібаев, Ә. Алдамұратов, Қ. Жарықбаев, Х.Т. Шерьязданова, т.б. ғалымдар еңбектеріне талдау жасай отырып, мектепалды топ балалардың ақыл-ой белсенділіктері, баланың оқуға құштарлығы, әр түрлі нәрселерді тез түсінуі, кез келген нәрсені әп-сәтте қабылдап алатыны, олардың мінезі мен ерік-жігерлерін қалыптастыруда педагогикада қолданып отыруын, төзімділік, шешімділік, т.б. қасиеттердің ойын іс-әрекеті үстінде белсенді дамитыны, әрі жетіле түсетінін ғылыми-теориялық және әдістемелік тұрғыда дәлелденген.

Отандық педагогтардың ішінде мектепке дейінгі тәрбие жайында сындарлы ой-пікір айтқандардың бірі танымал ғалым және алғашқы педагогтардың бірі Н. Құлжанованың зерттеулерінде «бала интеллектісінің дамуы оның өмір сүрген ортасына, тіршілік жағдайы мен әлеуметтік қарым-қатынасына байланысты» екендігі атап көрсетіледі. Баланың бойындағы білуге, тануға, ұғынуға, көруге, байқауға, өзінше қайталауға әуестігін тыйып тастамау керектігін атап өткен. Балаларға кез келген затты, ойыншықты алып бергенде, онымен ойнау арқылы ішкі құрылысын, түсін, түрін, заттық қасиеттерімен танысып шығады. Ойыншықпен ойнағанда сындырып оның қандай қасиетке ие екенін, қатты не болмаса жұмсақ екенін анықтап көру арқылы балада зерттеушіліктің алғашқы элементтері пайда бола бастайды. Бала дүниеге келген сәттен бастап зерттеуші, оның айналасына көз үңілтуі, дыбыстарға назар аударуы ай-

наласындағы заттарға деген қызығушылығының көрінісі.

Қорыта келе, мектепалды топ балаларында арнайы білімді қалыптастыруға, сондай-ақ жалпы зерттеулік ізденіске қажет білім пен дағдыны дамытуға қажетті бағдарламаны өңдеу қағидаларын анықтаған. Тәрбиешінің ғана қолынан келетін нәрсе — ол балалардың білуге деген қызығушылығын өшіріп алмай, ары қарай арттыру. Яғни, ойлау қабілетінің ерекшеліктерін дамыту, белсенділіктерін арттыру, қызығушылығын дамыту, балаларға берілетін тапсырмалардан ерекше тапсырмаларды беру, көбірек ойландыру, танымдық, дидактикалық ойындар беру арқылы қызығушылығын үстемдеу, сұрақтармен мәселелерді шешуді, өз бетімен іс істеуге үйрету, зерттеуге баулу.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Құлжанова Н. Мектептен бұрынғы тәрбие (Орынбор 1923). Антология педагогической мысли в Казахстане / сост. К.Б. Жарықбаев, Б.К. Калиев. — Алматы: Рауан, 1995. — 918 с.;
2. Жұмабаев Ж. Тандамалы. — Алматы: Ғылым. 1999;
3. Әл-Фараби. Он томдық шығармалар жинағы. Әлеуметтік философия. Этика. Эстетика. — Астана: Лотос, 2017. - Т. 5. - 210 б.;
4. Баласағұн Ж. Құтты білік. — Алматы: Жазушы, 1996. — 214 б.;
5. Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы: өлеңдер мен поэмалар. — Алматы: Көркем әдебиет, 1998. — 144 б.;
6. Алтынсарин Ы. Тандамалы педагогикалық мұралары. — Алматы: Рауан, 1991. — 78 б.;
7. Аралбаева Р.К. Мектепке дейінгі педагогика: — Алматы, 2012. - 220 б.
8. Мамытбаева Ж.А. Жоғары оқу орындары жағдайында педагог-тәрбиешілердің зерттеушілік мәдениетін қалыптастырудың теориялық негіздері. // Абай ат. ҚазҰПУ Хабаршысы «Педагогика ғылымдар» сериясы. — Алматы, 2021. №1 (69). — Б. 48-52.

Индира Талғатқызы ТЫНЫШБЕК,
«7M01201 — Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығының
2-курс магистранты.
Алматы қаласы.



Индекс 75487

ПЕДАГОГ

журналы

Құрметті оқырман қауым!

Қолдарыңызға тиіп отырған журнал мектеп, мектепке дейінгі, арнайы, жоғары оқу орындары мұғалімдері мен оқытушыларына, жалпы оқырмандарға арналған. Журналға «Казпочта», «Ернұрпресс»,

«Евразия Пресс», «Эврика-пресс» арқылы жазылған тиімді.

Жазылу ай сайын жүргізіледі.

Мекен-жайымыз: 050036, Алматы қаласы, Мамыр-2, 13-7.

Басылым индексі				
АБОНЕМЕНТ				
Педагог	75487			
Комплекті саны				
2024 жылға, айлары				
кайда				
(почта индексі) (мекен-жайы)				
кімге (аты, жөні)				
Тасымалдау карточкасы				
75487				
Басылым индексі				
ПВ орны				
Бағасы	Жазылу мекен-жайын өзгерту	...тенге	...тиын	комплекті саны
2024 жылға, айлары				
кайда				
(почта индексі) (мекен-жайы)				
(аты, жөні)				

Қиып алыңыз да, жазылыңыз!

